Показано, что предлагаемый состав порошков влияет на прочностные характеристики деталей и повышает их износостойкость.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Кобылкин, И. Ф., Селиванов, В. В.** Материалы и структуры легкой бронезащиты [Текст]. – М. : Изд-во МГТУ им. Н. Э. Баумана, 2014. – 191 с. – ISBN 978-5-7038-4001-6.

2 **Гладышев, С. А., Григорян, В. А.** Броневые стали [Текст]. – М. : Интермет Инжиниринг, 2010. – 336 с. – ISBN 978-5-89594-154-6.

3 **Шаш, Н.** Метод создания бронекабин грузовых автомобилей на стадии проектирования с требуемыми параметрами по защите от стрелкового оружия : дис. … канд. техн. наук [Текст]. – М. : МГТУ им. Н. Э. Баумана, 2018. – 151 с.

4 **Зузов, В. Г., Шаш, Н.** Анализ противопульной стойкости броневых сталей иностранного производства [Текст] // Наука и образование. МГТУ им. Баумана. – 2017. – № 5. – С. 21–41.

5 **Чистяков, Е. Н.** Активная защита бронетанковой техники – реалии и перспективы [Текст] // Экспорт вооружений. – 2019. – № 5. С. 15–23.

6 **Никонова, Т. Ю., Жунуспеков, Д. С., Ясаков, Ю. Д.** Эмпирико-математическая модель обработки штока гидроцилиндра струйно-абразивным методом [Текст] // Наука и техника Казахстана. – 2023. – № 3. – С. 57–70.

7 **Қамбаров, Е. Е., Кусайнов, А. Е., Ковалевски, П., Уазырханова, Г. К.** Microstructure and mechanical characteristics of high entropy alloy coating of ALCrCoFeNI system obtained by detonation spraying method [Текст] // Наука и техника Казахстана. – 2024. – № 4. – С. 288–301.

8 **Загорянский, В. Г.** Обоснование применимости биметалла сталь–алюминий по расчетным критериям противопульной бронестойкости [Текст] // Вісник НТУУ «КПІ». Серія машинобудування. – 2015. – № 3(75). – С. 37–41.

9 **Калинин, Е. Н., Плюснин, С. О., Ладанов, В. И.** К вопросу о возможности броневой защищенности бронетранспортёра на современном этапе развития [Текст] // Исследования молодых ученых: материалы VIII Междунар. науч. конф. (г. Казань, март 2020 г.). – Казань, 2020. – С. 9–11.

10 **Yilmaz, A.** Development of an Armor Steel for Ballistic Protection [Text] // Materials Testing. – 2010. – Vol. 52. – № 11–12. – P. 811–818. – https://doi.org/10.3139/120.110190.

11 **Fras, T., Christian, C., Roth, D.** Fracture of high-strength armor steel under impact loading [Text] // International Journal of Impact Engineering. – 2018. – Vol. 111. – P. 147–164.

12 **Issagulov, A. Z., Kulikov, V. Y., Shcherbakova, Y. P., Kovaleva, T. V., Kvon, S. V.** The corrosion resistant coating with halloysite nanoparticles [Text] // Metalurgija. – 2016. – Vol. 55. – № 3. – P. 426–428.

13 **Aubakirov, D., Issagulov, A., Kvon, S., Kulikov, V., Shcherbakova, Y., Arinova, S.** Modifying Effect of a New Boron-Barium Ferroalloy on the Wear Resistance of Low-Chromium Cast Iron [Text] // Metals. – 2022. – Vol. 12. – № 7. – 1153. – https://doi.org/10.3390/met12071153.

14 **Issagulov, A. Z., Kvon, S. S., Kulikov, V. Y., Sakbossynova, A. A.** Cr–Ni system alloys composition impact on durability value [Text] // Metalurgija. – 2014. – Vol. 53. – № 4. – P. 621–623.

15 **Langdon, G., Lee, W., Louca, L.** The influence of material type on the response of plates to air-blast loading [Text] // International Journal of Impact Engineering. – 2015. – Vol. 78. – P. 150–160.

16 **Алексеенцева, С. Е., Захаров, И. В.** Влияние демпфирующих свойств сплавов на пулестойкость [Текст] // Вестник Самарского технического университета. – 2011. – № 4(32). – С. 88–95. – ISSN 1991-8542.

17 **Konca, E.** A Comparison of the Ballistic Performances of Various Microstructures in MIL-A-12560 Armor Steel [Text] // Metals. – 2020. – Vol. 10, № 4. – 446.

18 **Kim, H. K., Kim, H. G., Park, H. K.** Atmosphere Gas arburizing for Improved Wear Resistance of Pure Titanium Fabricated by Additive Manufacturing [Text] // Materials Transactions. – 2017. – № 4. – P. 592–595. – https://doi.org/10.2320/matertrans.M2016361.

19 **Cherepova, T. S., Dmitrieva, G. P.** The Wear Features of Powder Cobalt Alloys Strengthened with Titanium Carbide [Text] // Powder Metallurgy And Metal Ceramics. – 2016. – № 5–6. – P. 374–378. – https://doi.org/10.1007/s11106-016-9816-x.

20 **Guilemany, J. M., Espallargas, N., Suegama, P. H., Benedetti, A. V., Fernández, J.** High-Velocity Oxyfuel Cr3C2-NiCr Replacing Hard Chromium Coatings [Text] // Journal of Thermal Spray Technology. – 2005. – Vol. 14 (3). – P. 335–341.

REFERENCES

1 **Kobylkin, I. F., Selivanov, V. V.** Materialy i struktury legkoi bronezashchity [Materials and structures of light armor protection] [Text]. – Moscow : Publishing House of Bauman Moscow State Technical University, 2014. – 191 p. – ISBN 978-5-7038-4001-6.

2 **Gladyshev, S. A., Grigoryan, V. A.** Bronevye stali [Armor steels] [Text]. – Moscow : Intermet Engineering, 2010. – 336 p. – ISBN 978-5-89594-154-6.

3 **Shash, N.** Metod sozdaniya bronekabin gruzovykh avtomobilei na stadii proektirovaniya s trebuemymi parametrami po zashchite ot strelkovogo oruzhiya [Method for designing armored cabins of trucks at the design stage with required parameters for protection against small arms fire] : dissertation for the degree of Candidate of Technical Sciences [Text]. – Moscow : Bauman Moscow State Technical University, 2018. – 151 p.

4 **Zuzov, V. G., Shash, N.** Analiz protivopulnoi stoikosti bronevykh stalei inostrannogo proizvodstva [Analysis of bullet resistance of foreign-made armor steels] [Text]. In Nauka i obrazovanie. Bauman Moscow State Technical University. – 2017. – № 5. – P. 21–41.

5 **Chistyakov, E. N.** Aktivnaya zashchita bronetankovoi tekhniki – realii i perspektivy [Active protection of armored vehicles – realities and prospects] [Text]. In Eksport vooruzhenii. – 2019. – № 5. – P. 15–23.

6 **Nikonova, T. Yu., Zhunuspekov, D. S., Yasakov, Yu. D.** Empiriko-matematicheskaya model' obrabotki shtoka gidrocilindra strujno-abrazivnym metodom [Tekst] // Nauka i tekhnika Kazahstana. – 2023. – № 3. – P. 57–70.

7 **Kambarov, E. E., Kusajnov, A. E., Kovalevski, P., Uazyrhanova, G. K.** Microstructure and mechanical characteristics of high entropy alloy coating of ALCrCoFeNI system obtained by detonation spraying method [Tekst] // Nauka i tekhnika Kazahstana. – 2024. – № 4. – P. 288–301.

8 **Zagoryansky, V. G.** Obosnovanie primenimosti bimetalla stal–alyuminii po raschetnym kriteriyam protivopulnoi bronestoikosti [Justification of applicability of steel–aluminum bimetal according to calculated criteria of bulletproof armor resistance] [Text]. In Visnyk NTUU «KPI». – Seriia mashynobuduvannia. – 2015. – № 3(75). – P. 37–41.

9 **Kalinin, E. N., Plyusnin, S. O., Ladanov, V. I., Vasiliev, V. G.** K voprosu o vozmozhnosti bronevoi zashchishchennosti bronetransportera na sovremennom etape razvitiya [On the possibility of armored protection of an armored personnel carrier at the present stage of development] [Text]. In Issledovaniya molodykh uchenykh : materials of the VIII International Scientific Conference (Kazan, March 2020). – Kazan, 2020. – P. 9–11.

10 **Yilmaz, A.** Development of an Armor Steel for Ballistic Protection [Text] // Materials Testing. – 2010. – Vol. 52. – № 11–12. – P. 811–818. – https://doi.org/10.3139/120.110190.

11 **Fras, T., Christian, C., Roth, D.** Fracture of high-strength armor steel under impact loading [Text] // International Journal of Impact Engineering. – 2018. – Vol. 111. – P. 147–164.

12 **Issagulov, A. Z., Kulikov, V. Y., Shcherbakova, Y. P., Kovaleva, T. V., Kvon, S. V.** The corrosion resistant coating with halloysite nanoparticles [Text] // Metalurgija. – 2016. – Vol. 55. – № 3. – P. 426–428.

13 **Aubakirov, D., Issagulov, A., Kvon, S., Kulikov, V., Shcherbakova, Y., Arinova, S.** Modifying Effect of a New Boron-Barium Ferroalloy on the Wear Resistance of Low-Chromium Cast Iron [Text] // Metals. – 2022. – Vol. 12. – № 7. – 1153. – https://doi.org/10.3390/met12071153.

14 **Issagulov, A. Z., Kvon, S. S., Kulikov, V. Y., Sakbossynova, A. A.** Cr–Ni system alloys composition impact on durability value [Text] // Metalurgija. – 2014. – Vol. 53. – № 4. – P. 621–623.

15 **Langdon, G., Lee, W., Louca, L.** The influence of material type on the response of plates to air-blast loading [Text] // International Journal of Impact Engineering. – 2015. – Vol. 78. – P. 150–160.

16 **Алексеенцева, С. Е., Захаров, И. В.** Влияние демпфирующих свойств сплавов на пулестойкость [Текст] // Вестник Самарского технического университета. – 2011. – № 4(32). – С. 88–95. – ISSN 1991-8542.

17 **Konca, E.** A Comparison of the Ballistic Performances of Various Microstructures in MIL-A-12560 Armor Steel [Text] // Metals. – 2020. – Vol. 10, № 4. – 446.

18 **Kim, H. K., Kim, H. G., Park, H. K.** Atmosphere Gas arburizing for Improved Wear Resistance of Pure Titanium Fabricated by Additive Manufacturing [Text] // Materials Transactions. – 2017. – № 4. – P. 592–595. – https://doi.org/10.2320/matertrans.M2016361.

19 **Cherepova, T. S., Dmitrieva, G. P.** The Wear Features of Powder Cobalt Alloys Strengthened with Titanium Carbide [Text] // Powder Metallurgy And Metal Ceramics. – 2016. – № 5–6. – P. 374–378. – https://doi.org/10.1007/s11106-016-9816-x.

20 **Guilemany, J. M., Espallargas, N., Suegama, P. H., Benedetti, A. V., Fernández, J.** High-Velocity Oxyfuel Cr3C2-NiCr Replacing Hard Chromium Coatings [Text] // Journal of Thermal Spray Technology. – 2005. – Vol. 14 (3). – P. 335–341.

Поступило в редакцию 13.01.26.
Поступило с исправлениями 16.01.26.
Принято в печать 12.02.26.

В. Ю. Куликов[1], Св. С. Квон[2], *А. М. Сапиянова[3]
[1,2,3]Абылкас Сагинов атындағы Қарағанды Техникалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
13.01.26 ж. баспаға түсті.
16.01.26 ж. түзетулерімен түсті.
12.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

ГАЗОТЕРМИЯЛЫҚ БҮРКУ АРҚЫЛЫ БЕТТЕРІН ЕКІ ҚАБАТТЫ ҚАПТАУ КЕЗІНДЕ БӨЛШЕКТЕРДІҢ ПАЙДАЛАНУ ҚАСИЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Мақалада болат бөлшектердің пайдалану сипаттамалары мен ұзақ мерзімділігін екі қабатты газотермиялық бүрку арқылы арттыруға бағытталған кешенді эксперименттік және аналитикалық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Төменгі қабат демпферлеуші қызмет атқарады және 4:1 қатынастағы мыс-алюминий қорытпасынан тұрады, ол қаптаманың негізбен жоғары адгезиясын, қалдық кернеулердің төмендеуін және материалдардың термиялық үйлесімділігінің артуын қамтамасыз етеді. Жоғарғы қабат тығыз, берік, тозуға және жылуға төзімді бетті қалыптастыратын титан карбидімен ұсынылған.

Газотермиялық бүрку әдісін қолдану бөлшектердің біркелкі таралуымен, құрылымының жоғары тығыздығымен және кеуектіліктің минималды деңгейімен сипатталатын қаптамаларды алуға мүмкіндік берді. Микроқұрылым мен фазалық құрамды егжей-тегжейлі зерттеу титанның карбидтері, нитридтері және оксидтері бар ұсақ түйіршікті құрылымның түзілуін анықтады, олар бетті кешенді түрде беріктендіріп, сыртқы әсерлерге төзімділігін арттырады.

Механикалық қасиеттерді талдау өңделмеген үлгілермен салыстырғанда қаттылықтың, адгезиялық беріктіктің және коррозияға төзімділіктің айтарлықтай артқанын көрсетті. Алынған нәтижелер әзірленген технологияның тиімділігін және жоғары жүктемелер, үйкеліс, жоғары температуралар мен агрессивті орталар жағдайында жұмыс істейтін машина бөлшектерін қалпына келтіру, қорғау және олардың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін практикалық маңыздылығын растайды.

Кілтті сөздер: газотермиялық бүрку, ұнтақтар, ұзақ мерзімділік, қаттылық, беріктік, тозуға төзімділік.

V. Yu. Kulikov[1], Sv. S. Kvon[2], *A. M. Sapiyanova[3]
[1,2,3]Karaganda Technical University named after Abylkas Saginov,
Republic of Kazakhstan, Karaganda
Received 13.01.26.
Received in revised form 16.01.26.
Accepted for publication 12.02.26.

ENHANCEMENT OF THE SERVICE PROPERTIES OF PARTS BY DOUBLE-LAYER SURFACE COATINGS PRODUCED BY THERMAL SPRAYING

The article presents the results of comprehensive experimental and analytical studies aimed at improving the performance and durability of steel components through the application of double-layer gas-thermal coatings. The lower layer acts as a damping barrier and consists of a copper–aluminum alloy in a 4:1 ratio, which provides high adhesion of the coating to the substrate, reduces residual stresses, and improves thermal compatibility between the materials. The upper layer is made of titanium carbide, forming a dense, strong, wear-resistant, and heat-resistant surface. The use of the gas-thermal spraying method made it possible to obtain coatings with uniform particle distribution, high structural density, and minimal porosity. Detailed studies of the microstructure and phase composition revealed the formation of a fine-grained structure with inclusions of titanium carbides, nitrides, and oxides that comprehensively strengthen the surface and increase its resistance to external influences. The analysis of mechanical properties showed a significant increase in hardness, adhesion strength, and corrosion resistance compared to uncoated samples. The obtained results confirm the effectiveness of the developed technology and its practical importance for restoring, protecting, and extending the service life of machine parts operating under conditions of high loads, friction, elevated temperatures, and aggressive environments.

Keywords: gas-thermal spraying, composite coating, titanium carbide, copper-aluminum alloy, microstructure, wear resistance, hardness.

ҒТАМР 55.03.35

https://doi.org/10.48081/BGQF1911

И. С. Қуанов[1], Б. С. Дөненбаев[2], А. К. Шеров[3],
****С. О. Тусупова[4], А. Б. Бөбеев[5]***
[1,3,5]С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.;
[2]А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.;
[4]Торайғыров университеті, Казахстан Республикасы, Павлодар қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9827-5728
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6923-3476
[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1433-957X
[4]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8920-4901
[5]ORCID: https://orcid.org/0009-0008-3378-2949
*e-mail: suleeva.s@inbox.ru

HARDOX 450 БОЛАТЫН ИМПУЛЬСТІ САЛҚЫНДАТУҒА ИЕ ТЕРМОФРИКЦИЯЛЫҚ ФРЕЗЕРЛЕУ АЙМАҒЫНДАҒЫ ТЕМПЕРАТУРАНЫ ЗЕРТТЕУ

Бұл мақалада ANSYS Workbench бағдарламалық жасақтамасын пайдалана отырып, HARDOX 450 болатын импульсті салқындатуға ие термофрикциялық фрезерлеу процесінің математикалық моделін ұсынған. Бұл модель кесу аймағында өтетін жылулық және физикалық процестерді динамикалық режимде зерттеуге мүмкіндік береді. Ұсынған әдістеме кесу аймағындағы жылулық процестерді зерттеуге және жоғары беріктікті және тозуға төзімді болаттарды, мысалы HARDOX 450 маркалы болатын, импульсті салқындатуға ие термофрикциялық фрезерлеу кезінде оңтайлы кесу режимдерін анықтауға бағытталған.

Зерттеуді орындау үшін кесу кезінде бұзылудың көпшілік модельдерінің ішінен алғаш рет профессор В. Л. Колмогоров ұсынған критерий қолданылды, ол үлкен пластикалық деформациялар мен жоғары температура жағдайына бейімделген. Есептеу тиімділігін арттыру мақсатында екі объектіге ие қарапайым математикалық модель ұсынылды: HARDOX 450 болатынан жасалған параллелепипед пішінді дайындама және пластина түріндегі үйкеліс фрезасының кескіш жиегі.

Модельде үйкеліс фрезасының кескіш жиегі (пластина) мен дайындама арасындағы коэффициент есепке алынды, μ = 0,4 деп қабылданды. Дайындаманың түйісу қабатының астындағы қабаттың температура өрісін талдау үшін жергілікті координат жүйесінде біркелкі қадаммен орналасқан тоғыз сипаттамалық нүктенің координаттары енгізілді. Моделдеу нәтижесінде әртүрлі айналу жиіліктерінде көрсетілген нүктелердегі түйісу қабатының температурасын алу мүмкін болды.

Зерттеу нәтижелері HARDOX 450 маркалы болатын импульсті салқындатумен термофрикциялық фрезерлеу кезінде жылулық процестерді тиімді басқаруға болатындығын көрсетті.

Кілтті сөздер: термофрикциялық фрезерлеу, импульсті салқындату, HARDOX 450, температура, бұзылу моделі, шексіз элементтік тор, математикалық модель, жылу өткізгіштік.

Кіріспе

Термофрикциялық өңдеу металдарды термомеханикалық тәсілдермен өңдеу технологияларының қатарына жатады және құрал мен дайындама арасындағы жоғары жылдамдықтағы салыстырмалы қозғалыс нәтижесінде үйкеліс әсерінен байланыс аймағында қарқынды жылу бөлінуімен сипатталады. HARDOX 450 секілді жоғары берікті және тозуға төзімді болаттарды дәстүрлі механикалық өңдеу кезінде кесу құралының жедел тозуы мен энергия шығындарының артуы жиі байқалады. Импульстік салқындату қолданылатын термофрикциялық фрезерлеу әдісін пайдалану кесу аймағында температураның уақытша жоғарылауын қамтамасыз етіп, материалдың жергілікті түрде жұмсаруына әкеледі. Бұл өз кезегінде кесу күштерін төмендетуге және өңдеу процесінің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кесу жылдамдығын шамадан тыс арттыру жабдыққа қойылатын техникалық талаптардың күрт өсуіне және энергия тұтынудың ұлғаюына себеп болады.

Осыған байланысты HARDOX 450 болатын импульстік салқындатумен термофрикциялық фрезерлеу кезінде кесу режимдерінің өңделген бет сапасына әсерін анықтау және оңтайлы өңдеу параметрлерін белгілеу мақсатында эксперименттік зерттеулер жүргізілді [1; 2].

1-суретте HARDOX 450 болатын импульстік салқындатумен термофрикциялық фрезерлеу процесі көрсетілген. Жүргізілген тәжірибелік зерттеулер нәтижелері өңделген бет кедір-бұдырлығының Ra = 1,0–7,5 мкм аралығында қамтамасыз етілетінін көрсетті, бұл 5–7 кедір-бұдырлық класына сәйкес келеді. Сонымен қатар HARDOX 450 болатының бастапқы қаттылығының төмендеуі байқалмады. Алынған нәтижелер аталған болат маркасының импульстік салқындату қолданылатын термофрикциялық фрезерлеу тәсілімен тиімді өңделетінін дәлелдейді.

1 – қысқыш тиски; 2 – HARDOX 450 болатынан жасалған дайындама;
3 – салқындату-майлау сұйықтығын (СОЖ) беру шлангі;
4 – термофрикциялық фреза
1-сурет – HARDOX 450 болатын импульстік салқындату
қолдану арқылы термофрикциялық фрезерлеу процесі

Алдыңғы зерттеулерде [1;2] термофрикциялық өңдеу процесін одан әрі терең зерттеу тұрғысынан «кесу құралы – дайындама» түйісу аймағында жүретін жылулық құбылыстардың ғылыми және практикалық маңызы ерекше екендігі атап өтілген. Кесу аймағындағы физикалық процестер туралы ақпаратты тәжірибелік әдістермен алу бірқатар факторларға байланысты едәуір қиындық тудырады. Атап айтқанда, түйісу аймағының геометриялық өлшемдерінің шағын болуы, процестің өте жоғары жылдамдықта өтуі, кесу құралы мен өңделетін материал арасындағы үздіксіз салыстырмалы қозғалыс, сондай-ақ жоңқа түзілу құбылысы өлшеу мүмкіндіктерін шектейді.

Осы жағдайларды ескере отырып, импульстік салқындату қолданылатын термофрикциялық фрезерлеу процесін зерттеуде математикалық модельдеу мен компьютерлік есептеулерді қолдану аталған мәселелерді шешудің тиімді тәсілі болып табылады. Бұл бағыттағы жекелеген мәселелер бірқатар жұмыстарда [3;4;5] қарастырылғанымен, оларда негізінен кесу пластинасы көлеміндегі физикалық процестерге жалпылама талдау ғана жүргізілген.

Қазіргі заманғы қолданбалы бағдарламалық кешендерді, атап айтқанда ANSYS Workbench ортасын пайдалану арқылы кесумен өңдеу кезінде жүретін жылулық және механикалық процестерді динамикалық режимде зерттеуге,

сондай-ақ технологиялық параметрлердің әртүрлі нұсқаларын ескеріп, процестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік туады.

Осы зерттеудің мақсаты – ANSYS Workbench бағдарламалық кешенін қолдана отырып, HARDOX 450 болатынан импульстік салқындатумен термофрикциялық фрезерлеу кезінде тікелей кесу аймағында қалыптасатын жылулық процестерді зерттеу болып табылады.

Материалдар мен әдістер

HARDOX 450 болатының импульстік салқындату қолданылатын термофрикциялық фрезерлеу процесі кезіндегі кесу аймағында температураның қалыптасуын модельдеу және талдау [6; 7] еңбектерінде ұсынылған әдістемелік негізге сүйене отырып жүзеге асырылды. Зерттеу барысында есептік модельді құру бірнеше дәйекті кезеңдер арқылы орындалды.

Алдымен кесу құралы мен өңделетін дайындаманың үшөлшемді CAD-моделі жасалды. Кейін модельге кесу құралы материалы мен HARDOX 450 болатының физикалық және жылулық қасиеттері енгізілді. Бұдан кейін режуші пластина беті мен дайындама арасындағы өзара әрекеттесу шарттары анықталып, түйісу аймағындағы контакт түрі тағайындалды. Сонымен қатар есептеу дәлдігін қамтамасыз ету мақсатында модель үшін соңғы элементтер торын (КЭТ) құру шарттары белгіленді.

Есептік модельде қолданылған HARDOX 450 болатының термофизикалық қасиеттері және термофрикциялық фрезерлеу процесіне қатысты бастапқы параметрлер 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Дайындамалардың физикалық қасиеттері

Параметрлер	Өлшем бірлігі	HARDOX 450
Тығыздық, ρ	кг/м^3	7850
Юнг модулі, E	ГПа	215
Пуассон коэффициенті, ν	-	0.3
Меншікті жылусыйымдылық, c_p	Дж/(кгС)	-
Жылуөткізгіштік коэффициенті, λ	Вт/(мС)	-
Бастапқы температура,T_t	°C	22
Балқу температурасы, T_f	°C	-

Үлкен деформация кезінде материалдың әртүрлі мінез-құлық заңдарының ішінде ең кең таралғаны – Джонсон-Кук заңы [8; 9; 10]. Бұл заң үлкен пластикалық деформациялар мен айтарлықтай температура градиенттері туғызатын адиабаттық кесу құбылыстарын есепке алады. Джонсон-Кук заңы кернеу σ-ның деформация дәрежесі ε (%) мен деформация жылдамдығына, сондай-ақ температура T-ға тәуелділігін анықтайды және мультипликативтік формада үш функцияға жіктелуі мүмкін:

$$\sigma = \left(A + B \cdot \varepsilon^{n}\right)\left(1 + C \cdot \frac{\ln \varepsilon}{\varepsilon_0}\right)\left(1 - \left[\frac{T - T_0}{T_f - T_0}\right]\right) \quad (1)$$

Бірінші көбейткіш материалдың наклеп құбылысын сипаттайды, екінші – динамикалық процестерді, ал үшінші – отпуска құбылысын көрсетеді. Наклепке қатысты көбейткіш тұрақты деформация жылдамдығында ағым кернеуіне сәйкес келеді. Мұнда A – қарастырылып отырған материалдың беріктілік шегі, B және n – наклептің сызықтық және сызықтық емес параметрлері болып табылады.

Екінші көбейткіш – материалдың динамикалық беріктілігін сипаттайтын мультипликативтік фактор. Ол пластикалық деформацияның эквивалентті жылдамдығына тәуелді. Мұнда C– деформация жылдамдығына сезімталдық коэффициенті. Бастапқы деформация жылдамдығы 1 $с^{-1}$ деп алынады.

Үшінші көбейткіш – жылулық отпуска құбылысын сипаттайтын фактор. Мұнда T_0 – бастапқы температура. T_0 мен балқу температурасы T_f арасындағы температураларда ағым кернеуі температураның өсуіне байланысты азаяды және $T=T_f$ кезінде шамамен нөлге тең болады. Балқу температурасына жақындаған сайын ағым кернеуі іс жүзінде нөлге тең болады.

Осылайша, T_0 – жылулық отпуска механизмін қарастыруға қатысты бастапқы температура, ал m – аталған жылулық отпускаға тән дәрежелік көрсеткіш. Джонсон-Кук моделі параметрлерінің HARDOX 450 болаты үшін мәндері 2-кестеде берілген.

2-кесте – HARDOX 450 болаты үшін Джонсон-Кук моделі параметрлері

Дайындама	A, МПа	B, МПа	C	n	m
HARDOX 450	1100	900	0,35	0,015	1,0

Модельде жоңқаның түзілуі және бөлінуі материалдың бұзылу заңы негізінде жүзеге асырылады. Бұл заң «элементтерді эрозиялау» әдісіне сүйенеді, ол өңделетін бөлшектегі кернеу мен деформация жағдайына тәуелді жарықтың дамуын сипаттайды. Аталған заңды қолдану екі критерийді қамтиды. Бірінші критерий материалдың қажетті бұзылу дәрежесін сипаттаса, екінші – жарықтың дамуын, оның таралуын және элементтердің бір-бірінен бөлінуін реттейді.

Бұзылуға бейімделген критерий Джонсон-Кук қозғалыс заңымен байланысты. Әр элемент үшін бұзылу келесі жағдайдан бастап есепке алынады:

$$\omega = \sum \frac{\Delta \bar{\varepsilon}}{\Delta \bar{\varepsilon}_f}, \quad (2)$$

мұндағы $\Delta \bar{\varepsilon}$ – нәтижелік пластикалық деформацияның инкременті,

$\Delta \bar{\varepsilon}_f$ – материалдың бұзылуына сәйкес нәтижелік деформация [8, 9, 10].

Материалдағы бұзылу ω = 1 болған кезде басталады.

Джонсон-Кук моделі үлкен деформация кезінде термомеханикалық процестерді есепке алады. Материалдың бұзылуына сәйкес нәтижелік пластикалық деформация теңдеуі келесі түрде беріледі:

$$\bar{\varepsilon}_f = \left[D_1 + D_2 \cdot \exp(D_3 \cdot \sigma^*)\right] \cdot \left[1 + D_4 \cdot \ln \bar{\varepsilon}^*\right] \cdot \left[1 + D_5 \cdot T^*\right], \quad (3)$$

мұндағы σ^* – орташа кернеу (σ_m) мен Мизес кернеуі арасындағы қатынас ($\bar{\sigma}$);

$\bar{\varepsilon}^*$ – есептеу деформация жылдамдығымен алынған пластикалық деформацияның өлшемсіз дәрежесі $\dot{\varepsilon}$ және деформация жылдамдығына сезімталдық моментін $\dot{\varepsilon}_0$ сипаттайтын шек.

Өлшемсіз температура коэффициенті T* келесі түрде жазылады:

$$T^* = \left(T - T_0\right) / \left(T_f - T_0\right), \quad (4)$$

мұндағы T_f – материалдың балқу температурасы;

T_0 – бастапқы температура;

D_1 – бастапқы бұзылу деформациясы;

D_2 – экспоненциалдық фактор;

D_3 – үшосьтілік факторы;

D_4 – деформация жылдамдығы факторы;

D_5 – жылулық факторы [9, 10, 11, 12].

Дайындаманың пластикалық бұзылу деформациясының (3) теңдеу параметрлері 3-кестеде берілген.

3-кесте – HARDOX 450 болатының пластикалық бұзылу деформациясы параметрлері

Дайындама	D_1	D_2	D_3	D_4	D_5
HARDOX 450	0,05	0,25	-1,5	0,01	1,0

Бұзылу критериі орындалған жағдайда бұзылудың дамуы критериі іске қосылады. Бұл критерий жарықтың дамуы үшін қажетті энергия деңгейін Gf сипаттайды. Жарық пайда болғаннан кейін материалдың мінез-құлқы кернеу мен орын ауыстыру арасындағы тәуелділік ретінде қарастырылады, кернеу мен деформация арасындағы байланыс емес. Кесу процесін ғылыми зерттеу үшін келесі ақпарат алу қажет: түйісу аймағындағы контакт күші және дайындамадағы температураның таралуы. Соңғы элементтер торын тығыз орналастыру физикалық процестерді модельдеу кезінде дәлірек нәтижелер алуға мүмкіндік берсе де, уақыт шығынын арттырады. Сондықтан әрқашан қажетті дәлдік пен уақыт шектеулері арасындағы компромисс таңдалады. Кесу аймағындағы физикалық процестерді талдау мақсатында дайындаманың беті мен термофрикциялық фреза кескіш жиегінің беті пластиналар ретінде көрсетіліп, олар нөмірленеді (қараңыз: 2-сурет).



2-сурет – Шекаралық шарттар

3-суретте пластина мен дайындаманың соңғы элементтер торы көрсетілген.



3-сурет – Пластина мен дайындаманың соңғы элементтер торы

4-суретте термофрикциялық фрезерлеу аймағындағы дайындама бетінде сипаттамалық нүктелердің нөмірленуі көрсетілген.



4-сурет – Фрезерлеу аймағында дайындама бетінің сипаттамалық нүктелерінің нөмірленуі

Нәтижелер және талқылау

Термофрикциялық фрезерлеу кезінде «құрал–дайындама» түйісу аймағында жүретін процестер туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін өңделетін дайындама

беті біркелкі орналасқан нүктелерге бөлінеді. Бұл сипаттамалық нүктелерді термофрикциялық фреза кескіш жиегінің жасаған доға тәрізді жұмыс іздері ретінде қарастыруға болады.

Кесу аймақтарындағы физикалық процестерді талдау мақсатында құралдың айналу жиілігіне тәуелді контакт температурасының өзгерісін көрсететін графиктер салынады.

5-суретте HARDOX 450 болатын дайындаманы өңдеу кезінде контакт температурасының айналу жиілігіне тәуелділігі көрсетілген.



S = 21,6 мм/мин; n = 2000, 2200, 2400, 2600, 2800, 3000 об/мин

5-сурет – HARDOX 450 болатынан жасалған дайындамаларды өңдеу кезінде контакт температурасы

Графиктен көрініп тұрғандай, құралдың айналу жиілігі артқан сайын «құрал–дайындама» түйісу аймағындағы температураның көтерілуі байқалады. Ұсынылған фрезерлеу әдісі үшін «құрал–дайындама» түйісу аймағындағы температура өңделетін материалдың рекристаллану температурасына жақын болуы қажет [3,6].

5-суретте HARDOX 450 болатын дайындаманы өңдеу кезінде контакт температурасының айналу жиілігіне тәуелділігі көрсетілген. HARDOX 450 үшін балқу температурасы $T_{пл}$=1500 °С, ал рекристаллану температурасы $T_{рек} \approx 600$ °С. Графиктен көрініп тұрғандай, берілген өңдеу режимдерінде «құрал–дайындама» түйісу аймағындағы температура рекристаллану температурасынан аспайды.

Бұл тұжырым берілген өңдеу режимдерінің оңтайлылығын растайды. Зерттеу жүргізу барысында кесу кезінде бұзылудың көпшілік қолданыстағы модельдерінің

ішінен алғаш рет проф. В. Л. Колмогоров ұсынған критерий қолданылды. Есептеу тиімділігін арттыру мақсатында математикалық модель ұсынылды, онда тек екі объекті қарастырылды: параллелепипед пішінді дайындама және бесбұрышты призмалық кескіш пластина. Сонымен қатар, жұмыста кесуші пластина мен дайындама арасындағы үйкеліс коэффициенті μ=0,4 ретінде алынды. Дайындаманың түйісу астындағы қабатындағы температураны анықтау үшін жергілікті координат жүйесінде біркелкі орналасқан тоғыз сипаттамалық нүктенің координаттары енгізілді. Термофрикциялық фреза айналу жиілігі өзгерген кезде HARDOX 450 болатының зерттелетін нүктелерінде температура мәндері алынды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ұсынылған әдістемені пайдалану арқылы әртүрлі материалдарды, оның ішінде HARDOX 450 болатын болатты, импульстік салқындатумен термофрикциялық фрезерлеу кезінде оңтайлы кесу режимдерін ұсынуға болады.

Қорытынды

ANSYS Workbench бағдарламалық қамтамасыздандыруын пайдалана отырып жасалған кесу процесінің компьютерлік моделі HARDOX 450 болатын болатты импульстік салқындатумен термофрикциялық фрезерлеу кезінде жүретін жылулық және физикалық процестерді динамикалық режимде зерттеуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, бұл әдістеме әртүрлі материалдарды өңдеуде импульстік салқындатумен термофрикциялық фрезерлеу үшін оңтайлы кесу режимдерін ұсынуға мүмкіндік береді.

«Құрал–дайындама» түйісу аймағындағы жылулық процестерді зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жылулық процестерді кесу режимдерін оңтайлы таңдау арқылы басқаруға болады.

HARDOX 450 болатының импульстік салқындатумен термофрикциялық фрезерлеу кезінде кесу аймағындағы температура HARDOX 450 болатының рекристаллдану температурасынан аспайтыны анықталды ($T_{рек} \approx 600$ °C).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Куанов И. С., Шеров К. Т., Сагитов А. А., Тусупова С. О., Мендалиева С. И.** Экспериментальное исследование твердости обработанной поверхности при термофрикционном фрезеровании с импульсным охлаждением стали HARDOX 450.[Текст] // Наука и техника Казахстана. – Павлодар: Изд-во «КЕРЕКУ» ПГУ им. С. Торайгырова, 2025. – № 1. – С. 116–128. – https://doi.org/10.48081/BNPE4061

2 **Шеров К. Т., Куанов И. С., Сагитов А. А., Иманбаев Е. Б., Бобеев А. Б.** Исследование шероховатости обработанной поверхности при термофрикционном фрезеровании с импульсным охлаждением стали HARDOX 450 [Текст] // Труды университета. – Караганда : Изд-во КарТУ, 2025. – № 2(99). – С. 41–47. – https://doi.org/10.52209/1609-1825_2025_2_41

3 **Кушназаров И. К., Шеров К. Т., Алтынбаев Р. Р.** Технология термофрикционного фрезерования с высокочастотным охлаждением. [Текст] //

Високі технології в машинобудуванні: Збірник наукових праць НТУ «ХПІ». – Харків, 2007. – Вип.2(15). – С. 134–139.

4 **Шеров К. Т., Сихимбаев М. Р.** Перспективная технология изготовления базовых деталей // [Текст]. – Германия : Издательство Palmarium Academic Publishing. – 2013. – 267 с.

5 **Ainabekova S., Myrzakhmet B., Bekzhanov Y., Gabdyssalik R., Mazdubay A.** и др. Research of temperature distribution in the process of thermofrictional cutting of titanium alloy TI-5553. [Text] // Journal of Applied Engineering Science, (2022) 20(2). – P. 400–407. – https://doi.org/10.5937/jaes0-32723.

6 **Sherov K. T., Sikhimbayev M. R., Sherov A. K., Donenbayev B. S., Rakishev A. K., Mazdubai A. B., Musayev M. M., Abeuova A. M.** Matematical modeling of thermofrictional milling process using ANSYS WB software. [Text] // Journal of Theoretical and Applied Mechanics, Sofia. – 2017. – Vol. 47. – № 2. – P. 24–33.

7 **Маздубай А. В., Мусаев М. М. и др.** Исследование устойчивости диска при термофрикционной резке с применением ПО ANSIS / Вестник Казахской академии транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева. – Алматы : Изд-во КазАТК, 2015. – № 4(94) . – С. 35–43.

8 **Zhang Y., Mabrouki T., Nelias D., Gong Y.** FE-model for Titanium alloy (Ti-6Al-4V) cutting based on the identification of limiting shear stress at tool-chip interface. [Text] // Springer-Verlag France. – 2010.

9 **Ducobu F., Filippi E., Riviere-Lorphevre E.** Modelisation de l'influence de la profondeur de coupe en micro-coupe orthogonale. [Text]. – 19eme Congres Frangais de Mecanique // Marseille 2009. – P. 24–28.

10 **Bacaria J. L.** Un modele comportemental et transitoire pour la coupe des metaux. These presentee pour obtenir le titre de Docteur. Specialite : genie mecanique. - Toulouse, 2001.

11 **Khaymovich A. I., Balyakin A. V., Kondratev A. I.** Methodology of rheological material properties phenoinenological modeling at high speed cutting by reverse analysis [Text] // Research Journal of Applied Sciences, 2014. – 9(11). – P. 753–760.

12 **Permanasari, A. A., Puspitasari, P., Choiron, M. A., Andokoa and Affandi, M. T.** The modeling and optimization of the hot rolling process of A36 structural steel by using response surface methodology (Conference Paper) [Text]. // MATEC Web of Conferences, 204. – 2018, 07018.

REFERENCES

1 **Kuanov, I. S., Sherov, K. T., Sagitov, A. A., Tusupova, S. O., Mendaliyeva, S. I.** Eksperimental'noye issledovaniye tverdosti obrabotannoy poverkhnosti pri termofriktsionnom frezerovanii s impul'snym okhlazhdeniyem stali HARDOX 450 [Experimental study of the hardness of the machined surface during thermofriction milling with pulse cooling of HARDOX 450 steel]. [Text] // Nauka i

tekhnika Kazakhstana. – Pavlodar: Izd-vo «KEREKU» PGU im. S. Toraygyrova, 2025. – № 1. – P. 116–128. – https://doi.org/10.48081/BNPE4061

2 **Sherov K. T., Kuanov I. S., Sagitov A. A., Imanbayev Ye. B., Bobeyev A. B.** Issledovaniye sherokhovatosti obrabotannoy poverkhnosti pri termofriktsionnom frezerovanii s impul'snym okhlazhdeniyem stali HARDOX 450 [Study of the surface roughness of the machined surface during thermofriction milling with pulse cooling of HARDOX 450 steel] [Text] // Trudy universiteta. – Karaganda: Izd-vo KarTU, 2025. – № 2(99). – P. 41–47. – https://doi.org/10.52209/1609-1825_2025_2_41

3 **Kushnazarov I. K., Sherov K. T., Altynbayev R. R.** Tekhnologiya termofriktsionnogo frezerovaniya s vysokochastotnym okhlazhdeniyem [Technology of thermofriction milling with high-frequency cooling]. [Tekst] // Високі технології в машинобудуванні: Збірник наукових праць НТУ «ХПІ». – Харків, 2007. – Вип.2(15). – P. 134–139.

4 **Sherov K. T., Sikhimbayev M. R.** Perspektivnaya tekhnologiya izgotovleniya bazovykh detaley [Advanced technology for manufacturing basic parts]. – [Text] – Germaniya : Izdatel'stvo Palmarium Asademis Publishing, 2013. – 267 p.

5 **Ainabekova S., Myrzakhmet B., Bekzhanov Y., Gabdyssalik R., Mazdubay A.** и др. Research of temperature distribution in the process of thermofrictional cutting of titanium alloy TI-5553. [Text] // Journal of Applied Engineering Science, (2022) 20(2). – P. 400–407. – https://doi.org/10.5937/jaes0-32723.

6 **Sherov K. T., Sikhimbayev M. R., Sherov A. K., Donenbayev B. S., Rakishev A. K., Mazdubai A. B., Musayev M. M., Abeuova A. M.** Matematical modeling of thermofrictional milling process using ANSYS WB software. [Text] // Journal of Theoretical and Applied Mechanics, Sofia. – 2017. – Vol. 47. – № 2. – P. 24–33.

7 **Mazdubay A. V., Musayev M. M. i dr.** Issledovaniye ustoychivosti diska pri termofriktsionnoy rezke s primeneniyem PO ANSIS [Study of disk stability during thermofriction cutting using ANSYS software] / Vestnik Kazakhskoy akademii transporta i kommunikatsiy im. M. Tynyshpayeva. – Almaty : Izd-vo KazATK, 2015. – № 4(94) . – P. 35–43.

8 **Zhang Y., Mabrouki T., Nelias D., Gong Y.** FE-model for Titanium alloy (Ti-6Al-4V) cutting based on the identification of limiting shear stress at tool-chip interface. [Text] // Springer-Verlag France. – 2010.

9 **Ducobu F., Filippi E., Riviere-Lorphevre E.** Modelisation de l'influence de la profondeur de coupe en micro-coupe orthogonale. [Text]. – 19eme Congres Frangais de Mecanique // Marseille 2009. – P. 24–28.

10 **Bacaria J. L.** Un modele comportemental et transitoire pour la coupe des metaux. These presentee pour obtenir le titre de Docteur. Specialite : genie mecanique. - Toulouse, 2001.

11 **Khaymovich A. I., Balyakin A. V., Kondratev A. I.** Methodology of rheological material properties phenoinenological modeling at high speed cutting by reverse analysis [Text] // Research Journal of Applied Sciences, 2014. – 9(11). – P. 753–760.

12 **Permanasari, A. A., Puspitasari, P., Choiron, M. A., Andokoa and Affandi, M. T.** The modeling and optimization of the hot rolling process of A36 structural steel by using response surface methodology (Conference Paper) [Text]. // MATEC Web of Conferences, 204. – 2018, 07018.using response surface methodology (Conference Paper) [Text] // MATEC Web of Conferences, 204 (2018), 07018.

20.01.26 ж. баспаға түсті.
20.01.26 ж. түзетулерімен түсті.
09.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

И. С. Куанов[1], Б. С. Доненбаев[2], А. К. Шеров[3],
****С. О. Тусупова[4], А. Б. Бобеев[5]***
[1,3,5]Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, Республика Казахстан, г. Астана;
[2]Карагандинский технический университет имени А. Сагинова, Республика Казахстан, г. Караганда;
[4]Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар
Поступило в редакцию 20.01.26.
Поступило с исправлениями 20.01.26.
Принято в печать 09.02.26.

ИССЛЕДОВАНИЕ ТЕМПЕРАТУРЫ В ЗОНЕ ТЕРМОФРИКЦИОННОГО ФРЕЗЕРОВАНИЯ С ИМПУЛЬСНЫМ ОХЛАЖДЕНИЕМ СТАЛИ HARDOX 450

В данной статье представлено математическое моделирование процесса термофрикционного фрезерования с импульсным охлаждением стали HARDOX 450 с использованием программного обеспечения ANSYS Workbench, позволяющее в динамическом режиме исследовать тепловые и физические процессы, протекающие в зоне резания. Разработанная методика ориентирована на исследование тепловых процессов в зоне резания и определение оптимальных режимов резания при термофрикционном фрезеровании с импульсным охлаждением высокопрочных износостойких сталей на примере стали HARDOX 450.

Для выполнения исследования из множества существующих моделей разрушения при резании использован критерий, впервые предложенный профессором В.Л. Колмогоровым, адаптированный к условиям больших пластических деформаций и высоких температур. С целью повышения вычислительной эффективности предложена упрощённая математическая модель, включающая два объекта: заготовку в форме параллелепипеда из стали HARDOX 450 и режущую кромку фрезы трения в виде пластины.

В модели учитывался коэффициент трения между режущей кромки фрезы трения (пластиной) и заготовкой, принятый равным μ = 0,4. Для анализа температурного поля в подконтактном слое заготовки были введены координаты девяти характерных точек с равномерным шагом в локальной

системе координат. В результате моделирования получены значения контактной температуры в указанных точках при различных частотах вращения фрезы трения.

Результаты исследования показали возможность эффективного управления тепловыми процессами при термофрикционном фрезеровании с импульсным охлаждением стали HARDOX 450.

Ключевые слова: термофрикционное фрезерование, импульсное охлаждение, HARDOX 450, температура, модель разрушения, конечно-элементная сетка, математическая модель, теплопроводность.

I. S. Kuanov[1], B. S. Donenbaev[2], A. K. Sherov[3],
****S. O. Tussupova[4], A. B. Bobeev[5]***
[1,3,5]S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University,
Republic of Kazakhstan, Astana
[2]A. Saginov Karaganda Technical University, Republic of Kazakhstan, Karaganda;
[4]Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar
Received 20.01.26.
Received in revised form 20.01.26.
Accepted for publication 09.02.26.

STUDY OF TEMPERATURE IN THE ZONE OF THERMO-FRICTION MILLING WITH PULSE COOLING OF HARDOX 450 STEEL

This article presents the mathematical modeling of thermo-frictional milling with pulse cooling of HARDOX 450 steel using ANSYS Workbench software. The model enables dynamic investigation of the thermal and physical processes occurring within the cutting zone. The developed methodology is focused on analyzing heat distribution during the cutting process and determining optimal parameters for thermo-frictional milling with pulse cooling for high-strength, wear-resistant steels, specifically exemplified by HARDOX 450.

To perform the study from a variety of existing models of fracture during cutting, a criterion was used that was first proposed by Professor V. L. Kolmogorov and adapted to conditions of large plastic deformations and high temperatures. In order to increase computational efficiency, a simplified mathematical model was proposed, including two objects: a parallelepiped-shaped workpiece made of HARDOX 450 steel and the cutting edge of a friction milling cutter in the form of a plate.

The model took into account the friction coefficient between the cutting edge of the friction cutter (plate) and the workpiece, assumed to be $\mu = 0.4$. To analyze the temperature field in the subcontact layer of the workpiece, the coordinates of nine characteristic points were entered at uniform intervals in the local coordinate system. As a result of modeling, the contact temperature values at these points were obtained at different friction cutter rotation frequencies.

The results of the study showed the possibility of effective thermal process control during thermo-friction milling with pulse cooling of HARDOX 450 steel.

Keywords: thermal friction milling, pulse cooling, HARDOX 450, temperature, model of fracture, finite element mesh, mathematical model, thermal conductivity.

FTAMP 55.69.01
https://doi.org/10.48081/BGQF1912

Б. Маратұлы[1], Б. Н. Азаматов[2], М. С. Муздыбаев[3],
Г. В. Кустарев[4], *Ж. А. Бекмырза[5]
[1,2,3]Шығыс Қазақстан техникалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.;
[4]Мәскеу автомобиль-жол мемлекеттік техникалық университеті,
Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.;
[5]Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай облыстық университеті,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2506-2545
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6381-5846
[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1787-0921
[4]ORCID: https://orcid.org/0009-0002-7804-7581
[5]ORCID: https://orcid.org/0009-0005-5086-4127
*e-mail: studentkp@inbox.ru

МАГНЕТРОНДЫҚ ТҰНДЫРУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСІНІҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ ЖӘНЕ АЛЫНҒАН ЖАБЫНДАРДЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫН САЛЫСТЫРУ

Металл өңдеу өнеркәсібінде сумен араласатын майлау-салқындату сұйықтықтарының (МСС) микробиологиялық ластануы және биоқабыршақтардың түзілуі маңызды мәселе болып табылады. Бұл үдеріс МСС қасиеттерінің нашарлауына, коррозияға және жабдықтың жеделдетілген механикалық тозуына әкеледі. Бұл мәселе сандық бағдарламалық басқаруы (СББ) бар заманауи станоктардың дәлдік түйіндерінің мерзімінен бұрын істен шығуына және өңдеу сапасының төмендеуіне тікелей әсер етеді. МСС жүйелерінің биологиялық ластануының алдын алу үшін магнетрондық тұндыру әдісімен алынған бактерицидтік Ta-Cu жабындарының технологиялық параметрлерін зерттеу және тиімділігін бағалау жұмысы жүргізілді.

Тұндыру үдерісі EPOS-PVD-440 қондырғысында үш түрлі режимде жүргізілді. Тұндыру үдерісінде жоғары тазалықтағы тантал және мыс материалдары қолданылды. Жабындардың химиялық құрамы энергия-дисперсиялық анализаторы бар сканерлеуші электрондық микроскоп арқылы талданды. Бактерицидтік тиімділікті бағалау үшін үлгілерді бактериялық суспензиямен бірлесіп өсіру және колонияларды санау әдісі қолданылды.

Зерттеу барысында массасы бойынша орташа есеппен 89,1 % тантал және 9,6 % мыс мөлшері бар тұрақты Ta-Cu бинарлы жүйесінің қалыптасуы расталды. Эксперименттік үлгілердің барлығы бақылау тобымен салыстырғанда айқын бактерицидтік белсенділік көрсетті. Сонымен қатар, әртүрлі технологиялық режимдер үшін энергия тиімділігін бағалау мақсатында меншікті тұтынылатын қуат есептелді.

Кілтті сөздер: жабындар, Та-Си, майлау-салқындату сұйықтықтары, СББ станогі, магнетрондық қондырғы.

Кіріспе

Микробиологиялық ластану сумен араласатын майлау-салқындату сұйықтықтары (МСС) үшін металл өңдеу өнеркәсібінде маңызды мәселе болып табылады. МСС айналым жүйелеріне тиісті техникалық қызмет көрсету салқындатқыштардың қызмет ету мерзімін едәуір ұзартуға және өңделетін бөлшектер бетінің қажетті сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. МСС ортасында микроорганизмдердің негізгі тіршілік ету формасы биоқабыршақтар — резервуарлардың бетіне, машина бөлшектеріне және бір-біріне жабысқан күрделі түзілімдер болып табылады.

Биоқабыршақтар дәстүрлі түрде микробиомның өсуін бақылау үшін МСС қоспалары ретінде қолданылатын биоцидтердің әсеріне өте жоғары төзімділігімен сипатталады. Биоқабыршақ түріндегі микробтық өскіндердің пайда болуы жүйелердің ластану деңгейін бағалау әдістерін қайта қарауды және металл өңдеу үдерістерінде биологиялық ластанудың алдын алудың инновациялық тәсілдерін әзірлеуді талап етеді [1;2;3].

Жабдықтың қол жетімсіз түйіндерінде биоқабыршақ түрінде бекініп қалған микроорганизмдердің қайталама ластанудың тұрақты көзі қызметін атқаратынын көрсетеді. Биоцидтік қоспаларды қолдану тек уақытша шара болып табылатындығы туралы факт зерттеудің маңыздылығын белгілейді, ал бактерицидтік жабындар тікелей жанасу беттерінде микрофлораның тұрақты түрде басылуын қамтамасыз етеді [4].

Тұрақты биоқабыршақтардың пайда болуымен қатар, заманауи МСС құрамындағы микроорганизмдердің тіршілік әрекеті олардың физика-химиялық қасиеттерінің қайтымсыз өзгеруіне әкеледі [5]. Pseudomonas, Enterobacter және Staphylococcus тектес бактериялардың метаболизм үдерістері сұйықтықтың майлау және салқындату қабілетіне жауап беретін қоспалардың белсенді ыдырауын тудырады.

Зерттеулер микрофлораның қарқынды өсуі pH деңгейінің төмендеуімен қатар жүретінін көрсетеді. Эмульсияның тұрақсыздығы оның коррозияға қарсы қасиеттерінің жоғалуына әкеледі. Бұл тек микробиологиялық индукцияланған коррозияның дамуы үшін ғана емес, сонымен қатар сандық бағдарламалық басқаруы бар станоктарының аспаптары мен бөлшектерінің жеделдетілген механикалық тозуы үшін қолайлы жағдай жасайды [6].

Биомасса мен оның ыдырау өнімдері МСС беру жүйесіндегі тар арналарды бітеп тастауы мәселені күрделендіре түседі. Сүзгілер мен құбырлардың биологиялық ластануы жүйедегі қысымның төмендеуіне, кесу аймағындағы температуралық режимнің бұзылуына және соның салдарынан өңдеу дәлдігінің төмендеуіне және бөлшектер бетінің кедір-бұдырлығының нашарлауына әкеледі (1-сурет). Сондықтан жабдық конструкциясына бактерицидтік Та-Cu жабындары бар беттерді енгізу технологиялық үдерістің тұрақтылығын қамтамасыз ету және

металл өңдеу жабдығының дәлдік түйіндерінің мерзімінен бұрын істен шығуын болдырмау үшін стратегиялық маңызды шешім болып табылады [7; 8].

1-сурет – DMG MORI CTX 510 ecoline станогындағы МСС арнасы

Өнеркәсіптік жабдықтар мен машиналарды қолданудың қазіргі заманғы жағдайында тиімді бактерицидтік жабындарды әзірлеу оны тұндырудың технологиялық әдісін негіздеуді талап етеді [9]. МСС-мен жанаса отырып жұмыс істейтін жабдыққа арналған ұзақ мерзімді бактерицидтік жабындарды жасау міндетіне келесі параметрлер қолайлы болуы тиіс: механикалық беріктік, әртүрлі төсеніштерге адгезия, коррозияға төзімділік және экономикалық тиімділік [10].

Материалдар мен әдістері

EPOS-PVD-440 қондырғысындағы технологиялық цикл герметикалық вакуумдық камерада өтеді. Тұндыру 3 режимнен тұрады. Оның негізгі көрсеткіштері 1-кестеде берілген. Жұқа қабықшалы құрылымдарды қалыптастыру үшін қажетті жағдайларды жасау және қолдау жоғары вакуумдық сору жүйесінің жұмысынан басталады. Мұнда негізгі атқарушы түйін болып Cryo-Plex 8/8LP криогендік сорғысы табылады.

1-кесте – Тұндыру параметрлері

Параметр	Сипаттамасы
Қондырғы жүйесі	EPOS-PVD-440 (Beams&Plasmas, Новосібір)
Тұрақты ток магнетрондары	3 дана (өлшемдері 472×132×18 мм)
Нысаналар (Targets)	Жоғары тазалықтағы тантал (99,999%) және мыс (99,999%)
Тантал магнетронының қуаты	2 кВт
Мыс магнетронының қуаты	0,33 кВт (TaCu-1 үшін); 0,46 кВт (TaCu-2 үшін); 0,8 кВт (TaCu-3 үшін)
Тұндыру уақыты	60 минут
Базалық қысым	7×10^{-4} Па
Жұмыс қысымы	$1{,}8\times10^{-1}$ Па

Төсеніштің айналу жылдамдығы	8 айн/мин
Магнетрон мен төсеніш арақашықтығы	~300 мм

Криогендік сорғы қондырғының камерасымен және форвакуумдық сорғымен жалғанған. Криогендік сорғыны салқындату үдерісін іске қосу 5 Па вакуумға қол жеткізілгеннен кейін жүреді. Үдерісті басқару магниттік-шашыратқыш қондырғының бағдарламалық жасақтамасының көмегімен жүргізіледі (3-сурет). Үлгілерді бетін алдын ала дайындау иондық бомбалау әдісімен жүзеге асырылады, бұл үшін иондық көз қолданылады. Иондық көзді басқару APEL-IS-4DC-3500 коректендіру блогы арқылы жүреді. Бұл модуль шығыс қуатын 3,5 кВт-қа дейін генерациялауға қабілетті, кернеуді 35-тен 3500 В-қа дейінгі кең ауқымда реттеуді және ток күшін 1,15 А-ге дейін қолдауды қамтамасыз етеді.



3-сурет – EPOS-PVD-440 магнетрондық-шашыратқыш қондырғысының басқару экраны

Материалды тікелей тұндыру магнетрондардың плазмалық разрядында жүзеге асырылады, оларды электр тогымен қоректендіруді MPS-3-10-12-800 РСх импульстік блогы қамтамасыз етеді. Аспап пульстік бірполярлы ток режимінде жұмыс істейді және зияткерлік доғаны сөндіру жүйесімен жабдықталған. Бұл жоғары қуат кезінде нысананы шашыратудың тұрақтылығын қолдауға мүмкіндік береді. Осы арқылы жабындағы тамшы фазасының алдын алады. Блоктың техникалық мүмкіндіктері берілген технологиялық параметрлерге байланысты токтың, кернеудің немесе қуаттың дәлдікпен тұрақтандырылуын қамтиды.

Үлгілердің химиялық құрамын талдау үшін Oxford Instruments компаниясының (Ұлыбритания) энергия-дисперсиялық анализаторымен жабдықталған Zeiss (Германия) автоэлектронды эмиссиялық сканерлеуші электрондық микроскопы қолданылды.

Бактерицидтік тиімділікті сандық бағалау үшін үлгілерді бактериялық суспензиямен қоректік ортада бірлесіп өсіру жүргізілді. Бактериялардың бастапқы концентрациясы 5×10^5 КОЕ/мл құрады. Ta-Cu1, Ta-Cu2, Ta-Cu3 және жабынсыз бақылау үлгісін ортаға батырып, шейкерде 37 °С температурада 24 сағат бойы инкубациялады. Сынамаларды іріктеу белгіленген уақыт аралықтары арқылы жүргізілді. Бактериялардың тіршілік қабілеттілігі 48 сағат инкубациядан кейін өскен колонияларды санау арқылы бағаланды.

Нәтижелер және талқылау

1687	-25481	6,14512	0,91197	0,476979654	0,04256637
1683	-25612	6,2366	0,90906	0,476182898	0,05679551
1682	-25679	6,27338	0,90847	0,476020645	0,05964334
1677	-26014	6,46084	0,90549	0,475200133	0,07389257
1672	-26347	6,6547	0,90343	0,474631399	0,08822414
1667	-26680	6,85519	0,90229	0,474316871	0,10266982
1660	-27148	7,1499	0,89407	0,472036063	0,12235978
1650	-27816	7,59621	0,88673	0,469983625	0,15085392
1640	-28479	8,07445	0,87729	0,467317335	0,17906111
1630	-29140	8,58726	0,86865	0,464853436	0,20731579
1620	-29798	9,13741	0,8579	0,461756789	0,23511877
1610	-30452	9,72799	0,84504	0,458005096	0,26231325
1600	-31103	10,3624	0,83494	0,455021872	0,28990859
1590	-31751	11,0442	0,82273	0,451373882	0,31681667
1580	-32396	11,7775	0,80843	0,4470346	0,34287234

1570	-33038	12,5667	0,79007	0,441362611	0,36728446
1560	-33776	13,5203	0,78255	0,439006264	0,39484695
1550	-34311	14,3324	0,77053	0,435197427	0,42073079
1540	-34943	15,3199	0,75763	0,4310531	0,44601045
1530	-35571	16,3856	0,75148	0,429055333	0,47385124
1520	-36197	17,5364	0,74425	0,426686536	0,50125952
1510	-36819	18,7800	0,73396	0,423284668	0,52719692
1500	-37438	20,1250	0,72947	0,421788788	0,55592033
1490	-38053	21,5805	0,72391	0,419924287	0,5842221
1481	-38665	23,1078	0,71725	0,417672224	0,6088346

Практически прямолинейный характер изменения Φ''_{Si} с температурой (11) указывает на корректность выбранной формулы для расчета степени ассоциации, преобладание в расплаве ван-дер-ваальсовых сил взаимодействия между частицами Fe и Si, а также на постоянство степени ассоциации ферросилиция при изменении состава расплава вдоль линий ликвидус. Уравнение поверхности кристаллизации кремния представлено модифицированным уравнением Шредерале-Шателье (12):

$$\ln x_{Si}^{L} = \frac{\frac{50210}{8{,}3143}\left(\frac{1}{1687}-\frac{1}{T}\right)+\int_{T}^{T_{m,i}}\left[\frac{1}{RT^2}\int_{T}^{T_{m,i}}\Delta C_p\,dT\right]dT}{-8{,}9041+4{,}3125*\exp\left[\frac{50210}{8{,}3143}\left(\frac{1}{1687}-\frac{1}{T}\right)+\int_{T}^{T_{m,i}}\left[\frac{1}{RT^2}\int_{T}^{Tm,i}\Delta C_p\,dT\right]dT\right]} \tag{12}$$

Информация о финансировании

Данное исследование финансируется Комитетом Науки Министерства Науки и Высшего Образования Республики Казахстан (грант № AP26194293).

Выводы

На основе концепции осмотического коэффициента Бьеррума–Гуггенгейма разработан и апробирован термодинамически обоснованный подход к математическому описанию линии кристаллизации кремния в системе Fe–Si, учитывающий процессы ассоциации и диссоциации конгруэнтно плавящегося соединения FeSi в расплаве.

Показано, что кривизна линии ликвидус и нелинейный характер зависимости осмотического коэффициента Бьеррума–Гуггенгейма от активности кремния являются прямым следствием образования ассоциированных комплексов Fe_xSi_γ в расплаве. Количественно определена степень ассоциации конгруэнтного соединения FeSi вдоль линии кристаллизации кремния с использованием энергии Гиббса реакции ассоциации и соответствующей константы равновесия. Показано, что учет степени ассоциации FeSi приводит к трансформации нелинейной зависимости осмотического коэффициента Бьеррума–Гуггенгейма в практически прямолинейную, что свидетельствует о корректности выбранной

модели и адекватном описании структуры расплава в рассматриваемой области концентраций и температур.

Получено модифицированное полуэмпирическое уравнение линии кристаллизации кремния на основе уравнения Шредера–Ле Шателье, в которое введена поправка на степень ассоциации конгруэнтного соединения FeSi. Установлено, что фактическая атомная доля кремния в расплаве вдоль линии ликвидус существенно отличается от номинальной концентрации, что обусловлено интенсивным образованием ассоциатов Fe–Si при понижении температуры от температуры плавления кремния к эвтектической точке.

Полученные результаты расширяют представления о структуре жидких сплавов системы Fe–Si и могут быть использованы для численного моделирования процессов кристаллизации, прогнозирования фазового состава и свойств железокремнистых сплавов при различных концентрациях кремния, а также при разработке цифровых термодинамических моделей металлургических процессов.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Кубашевски, О.** Диаграммы состояния двойных систем на основе железа. Справочник. Перев.с англ. – М.: Металлургия, 1985. –184 с.

2 **Шовский, В. А., Казимиров, В. П., Ятанский, С. П. и др.** О строении жидкого кремния // Изв.АН СССР. Металлы, 1983. – № 6. – С. 63–65.

3 **Неверов, В. В., Чернов, А. А.** Природа фазовых превращений в кремнии // ФТТ. – 1986. – Т. 26. – № 1. – С. 176–179.

4 **Байсанов, С., Толоконникова, В., Нарикбаева, Г. Т., Корсукова, И. Я.** Методы исследования линий гетерогенных фазовых равновесий на диаграмме состояния через осмотический коэффициент Бьеррума-Гуггенгейма. Монография - Караганда: «Экожан» 2020. – 74с.

5 **Толоконникова В.** Исследование термической стабильности конгруэнтно-плавящихся соединений для модельных систем на основе концепции осмотического коэффициента Бьеррума-Гуггенгейма. Монография. – Караганда : «Санат-полиграфия». – 2022. – 117 с.

6 Исследование степени диссоциации конгруэнтных соединений в металлургических шлаках в расплавленном состоянии на основе концепции Бьеррума-Гуггенгейма: отчет о НИР (заключительный) / ХМИ им. Ж. Абишева : рук. Байсанов С. О.; исполн. Толоконникова В. В и др.– № ГР 121РК00426. – Инв. № 0223РК00256. – Караганда, 2023. – 113 с.

7 **Рузинов Л. П., Гуляницкий В. С.** Равновесные превращения металлургических реакций.-Москва: Металлургия, 1975. – 417 с.

8 **Глушко В. П.** Термодинамические свойства индивидуальных веществ. Справочник. – М : ВИНИТИ Институт высоких температур АН СССР, 1982. – Т. 4. – 456 с.

9 **Денисов В.М., Истомин С.А., Подхопаев О.И. и др.** Кремний и его сплавы. – Екатеринбург : УрО РАН. 2005 . – 467 с.

10 **Makhambetov Ye., Timirbayeva N., Baisanov S., Baisanov A., Shabanov E.** Thermodynamic modeling of phase composition for Fe-Ca-Si-Al system // Metalurgija. 2020. – Vol. 60. – № 1–2. – P. 117–120.

11 **Kim, A. S., Akberdin, A. A., Lu, N. Y. U., Sultangaziyev, R. B., Orlov, A. S.**Diagram of the equilibrium phase composition of the fe – cr – si – b system Metalurgija, 2022. – 61(2), P. 305–308.

12 **Akberdin, A. A., Kim, A. S., Orlov, A. S., Sultangaziev, R. B.** Diagram of the phase composition of the Fe-Si-Al system and its isothermal sections CIS Iron and Steel Review, 2022. – 23. – P. 76–80.

13 Метод расчета термической устойчивости конгруэнтных соединений через осмотический коэффициент Бьеррума-Гуггенгейма на примере системы железо-кремний/ Толоконникова В. В [и др.]// Теоретическая и экспериментальная химия. – 2023. – материалы VII Междунар. Науч.-практ.конф., посвящ. 50-летию факультета и 100-летию Первого декана проф. Р. Г. Омаровой, 26–28 мая. – С. 329–331.

14 **Куликов, И. С.** Термическая диссоциация соединений. М. : Металлургия, 1966. – 251 с.

15 **Mekhtiev, A., Shabanov, Ye., Issagulov, A., Baissanov, S. et al.** Development of technology of complex aluminum-silicon-chrome alloy with utilization of offgrade raw materials // Metalurgija, 2015. – Vol. 54. – № 1. – P. 157–160.

16 **Makhambetov, Ye., Timirbayeva, N., Baisanov, S., Baisanov, A., Shabanov E.** Thermodynamic modeling of phase composition for Fe-Ca-Si-Al system // Metalurgija. 2020. – Vol. 60. – № 1–2. – P. 117–120.

REFERENCES

1 **Kubashevski, O.** Diagrammy sostoyaniya dvojnyh sistem na osnove zheleza [Iron–Binary Phase Diagrams]. Spravochnik. Perev.s angl. – M. : Metallurgiya, 1985. –184 s.

2 **SHovskij, V. A., Kazimirov, V. P., YAtanskij, S. P., et al.** O stroenii zhidkogo kremniya [On the structure of liquid silicon] // Izv.AN SSSR. Metally, 1983. – № 6. P. 63–65.

3 **Neverov V. V., CHernov A. A.** Priroda fazovyh prevrashchenij v kremnii [Nature of phase transformations in silicon] // FTT. – 1986. – T. 26. – № 1. – P. 176–179.

4 **Bajsanov S., Tolokonnikova V., Narikbaeva G. T., Korsukova I. Ya.** Metody issledovaniya linij geterogennyh fazovyh ravnovesij na diagramme sostoyaniya cherez osmoticheskij koefficient B'erruma-Guggengejma [Methods for Investigating Lines of Heterogeneous Phase Equilibria in Phase Diagrams Using the Bjerrum–Guggenheim Osmotic Coefficient]. Monografiya - Karaganda: «Ekozhan», 2020. – 74 p.

5 **Tolokonnikova V.** Issledovanie termicheskoj stabil'nosti kongruentno-plavyashchihsya soedinenij dlya model'nyh sistem na osnove koncepcii osmoticheskogo

koefficienta B’erruma-Guggengejma [Study of Thermal Stability of Congruently Melting Compounds for Model Systems Based on the Concept of the Bjerrum–Guggenheim Osmotic Coefficient]. Monografiya - Karaganda: «Sanat-poligrafiya», 2022. – 117 p.

6 Issledovanie stepeni dissociacii kongruentnyh soedinenij v metallurgicheskih shlakah v rasplavlennom sostoyanii na osnove koncepcii B’erruma-Guggengejma: otchet o NIR (zaklyuchitel’nyj) [Research on the Degree of Dissociation of Congruent Compounds in Metallurgical Slags in the Molten State Based on the Bjerrum–Guggenheim Concept: Final Research Report] / HMI im. ZH. Abisheva: ruk. Bajsanov S. O.; ispoln. Tolokonnikova V.V i dr. – № GR 121RK00426,– Inv. № 0223RK00256. – Karaganda, 2023. – 113 p.

7 **Ruzinov, L. P., Gulyanickij, V. S.** Ravnovesnye prevrashcheniya metallurgicheskih reakcij [Equilibrium Transformations of Metallurgical Reactions.]. – M. : Metallurgiya, 1975. – 417 p.

8 **Glushko, V. P.** Termodinamicheskie svojstva individual’nyh veshchestv [Thermodynamic Properties of Individual Substances]. Spravochnik. - M: VINITI Institut vysokih temperatur AN SSSR, 1982. – T. 4. – 456 p.

9 **Denisov, V. M., Istomin, S. A., Podhopaev, O. I., et al.** Kremnij i ego splavy [Silicon and Its Alloys]. – Ekaterinburg: UrO RAN. 2005 . – 467 s.

8 Glushko, V.P. Thermodynamic Properties of Individual Substances: Handbook. Moscow : VINITI, Institute of High Temperatures of the USSR Academy of Sciences, 1982, Vol. 4. – 456 p.

9 **Denisov, V. M., Istomin, S. A., Podkhopaev, O. I., et al.** Silicon and Its Alloys. Yekaterinburg: Ural Branch of the Russian Academy of Sciences, 2005, 467 p.

10 **Makhambetov Ye., Timirbayeva N., Baisanov S., Baisanov A., Shabanov E.** Thermodynamic modeling of phase composition for Fe-Ca-Si-Al system // Metalurgija. 2020. – Vol. 60. – № 1–2. – P. 117–120.

11 **Kim, A. S., Akberdin, A. A., Lu, N. Y. U., Sultangaziyev, R. B., Orlov, A. S.** Diagram of the equilibrium phase composition of the fe – cr – si – b system Metalurgija, 2022. – 61(2), P. 305–308.

12 **Akberdin, A. A., Kim, A. S., Orlov, A. S., Sultangaziev, R. B.** Diagram of the phase composition of the Fe-Si-Al system and its isothermal sections CIS Iron and Steel Review, 2022. – 23. – P. 76–80.

13 Metod rascheta termicheskoj ustojchivosti kongruentnyh soedinenij cherez osmoticheskij koefficient B’erruma-Guggengejma na primere sistemy zhelezo-kremnij [Method for calculating the thermal stability of congruent compounds using the Bjerrum–Guggenheim osmotic coefficient on the example of the iron–silicon system]/ Tolokonnikova V.V [et al.] // Teoreticheskaya i eksperimental’naya himiya. – 2023. – materialy VII Mezhdunar. Nauch.-prakt.konf., posvyashch. 50-letiyu fakul’teta i 100-letiyu Pervogo dekana prof. R.G.Omarovoj, 26–28 maya. – P. 329–331.

14 **Kulikov, I. S.** Termicheskaya dissociaciya soedinenij [Thermal Dissociation of Compounds]. M. : Metallurgiya, 1966. – 251 p.

15 **Mekhtiev, A., Shabanov, Ye., Issagulov, A., Baissanov, S., et al.** Development of technology for complex aluminum–silicon–chromium alloy using off-grade raw materials. Metalurgija, 2015. – Vol. 54. – № 1. – P. 157–160.

16 **Makhambetov, Ye., Timirbayeva, N., Baisanov, S., Baisanov, A., Shabanov, E.** Thermodynamic modeling of phase composition for the Fe–Ca–Si–Al system. Metalurgija, 2020. – Vol. 60. – № 1–2. – P. 117–120.

Поступило в редакцию 18.11.25.
Поступило с исправлениями 19.11.25.
Принято в печать 03.02.26.

В. В. Толоконникова[1], С. О. Байсанов[2], Г. И. Нәрікбаева[3], А. С. Орлов[4], В. А. Салина[5]

[1,2,3,4]ХМИ атындағы Ж. Әбішев, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
[5]Академик Н. А. Ватолина атындағы металлургия институты РҒА УО Ресей Федерациясы, Екатеринбург қ.

18.11.25 ж. баспаға түсті.
19.11.25 ж. түзетулерімен түсті.
03.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

БЬЕРРУМ–ГУГГЕНГЕЙМ КОНЦЕПЦИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ТЕМІР–КРЕМНИЙ ЖҮЙЕСІНДЕ КРЕМНИЙДІҢ КРИСТАЛЛАНУ СЫЗЫҒЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮРІ

Фазалық тепе-теңдіктерді талдаудың жеткіліксіз негізделуі күй диаграммасында жинақталған ауқымды термодинамикалық ақпараттың толық пайдаланылмауына әкеледі. Темір–кремний жүйесі мысалында конгруэнтті балқитын химиялық қосылыстардың диссоциациялану немесе ассоциациялану дәрежесі арқылы балқыманың құрылымын бағалау үшін фазалық тепе-теңдік сызықтарын есептеудің әзірленген әдістемесінің қолданбалығы көрсетілді. Балқымада конгруэнтті балқитын қосылыстың диссоциациялану құбылысы болған жағдайда, осы қосылыстың балқымадағы диссоциация (немесе ассоциация) дәрежесін ескере отырып алынған Бьеррум–Гуггенгеймнің осмостық коэффициенті тәуелділігінің түзу сызықты сипат алатыны анықталды. FeSi қосылысының кристалдану сызығына тән ерекшелік ассоциаттардың түзілуі болып табылады (бастапқы Φ_i графиктері өзгерістің ойыс сипатына ие болған).

Жұмыстың мақсаты – Бьеррум–Гуггенгеймнің осмостық коэффициенті тұрғысынан кремнийдің кристалдану сызығы бойындағы мінез-құлық заңдылықтарын анықтау және FeSi конгруэнтті қосылысының диссоциация (ассоциация) дәрежесі арқылы кремнийдің әртүрлі концентрацияларында қорытпаның фазалық құрамын болжауға арналған әмбебап математикалық өрнек алу.

Алғаш рет темір–кремний жүйесіндегі кремнийдің кристалдану сызығы ликвидус температурасы мен кремний концентрациясын байланыстыратын Шредер–Ле Шателье теңдеуінің жартылай эмпирикалық тәуелділігі түрінде математикалық түрде ұсынылды. Темір–кремний жүйесі мысалында Бьеррум–Гуггенгейм коэффициентін қолдану арқылы кремнийдің кристалдану бетінің аналитикалық сипаттамасының функционалдық түрі негізделіп таңдалды. Fe–Si күй диаграммасының эксперименттік деректеріне аппроксимация жүргізіліп, алынған модельдің дәлдігі мен қолдану аймағы бағаланды. Кремнийдің кристалдану сызығының мінез-құлқына тән ерекшеліктері, кристалдану механизмдерінің өзгеруі және компоненттердің өзара әрекеттесуімен байланысты екені анықталды. Алынған нәтижелер болашақта кристалдану процестерін сандық модельдеуде және теміркремнийлі қорытпалардың қасиеттерін болжауда пайдаланылуы мүмкін.

Кілтті сөздер: күй диаграммасы, ассоциация (диссоциация) дәрежесі, фазалық тепе-теңдік сызықтары, Гиббс энергиясы, Бьеррум–Гуггенгейм коэффициенті, фазалардың кристалдану аймақтары.

V. V. Tolokonnikova[1], S. O. Baisanov[2], G. I. Narikbaeva[3], I. Y., Korsukova[4], V. A. Salina[5]

[1,2,3,4]CMI named after Zh. Abishev, Republic of Kazakhstan, Karaganda

[5]Institute of Metallurgy named after Academician N. A. Vatolina UO RAS, Russian Federation, Ekaterinburg

Received 18.11.25.

Received in revised form 19.11.25.

Accepted for publication 03.02.26.

MATHEMATICAL FORM OF THE SILICON CRYSTALLIZATION LINE IN THE IRON–SILICON SYSTEM BASED ON THE BJERRUM–GUGGENHEIM CONCEPT

The insufficient substantiation of phase equilibrium analysis results in the underutilization of the extensive thermodynamic information contained in phase diagrams. Using the iron–silicon system as an example, the applicability of the developed methodology for calculating phase equilibrium lines to evaluate the melt structure through the degree of dissociation or association of congruently melting chemical compounds is demonstrated. It is shown that when dissociation of a congruently melting compound occurs in the melt, the newly obtained values of the Bjerrum–Guggenheim osmotic coefficient, accounting for the degree of dissociation or association of this compound in the melt, exhibit a linear dependence. A characteristic feature of the crystallization line of the FeSi compound is the formation of associates, as evidenced by the initially concave shape of the Φ_i curves.

The aim of this study is to identify the regular features of silicon behavior along the crystallization line from the standpoint of the Bjerrum–Guggenheim osmotic coefficient and to derive a universal mathematical expression for predicting the phase composition of alloys at various silicon concentrations through the degree of dissociation (association) of the congruently melting FeSi compound.

For the first time, a mathematical expression for the silicon crystallization line in the iron–silicon system is proposed in the form of a semi-empirical Schröder–Le Chatelier equation relating the liquidus temperature to the silicon concentration. Based on the iron–silicon system, a justified selection of the functional form for the analytical description of the silicon crystallization surface is carried out using the Bjerrum–Guggenheim coefficient. Experimental data from the Fe–Si phase diagram are approximated, and the accuracy and applicability range of the obtained model are evaluated. Characteristic features of the silicon crystallization line behavior associated with changes in crystallization mechanisms and component interactions are identified. The obtained results can be used for numerical modeling of crystallization processes and for predicting the properties of iron–silicon alloys.

Key words: phase diagram; degree of association (dissociation); phase equilibrium lines; Gibbs energy; Bjerrum–Guggenheim coefficient; phase crystallization fields.

КӨЛІК

ҒТАМР 73.29.51

https://doi.org/10.48081/BGQF1927

***А. Т. Камысбаева[1], С. Е. Бекжанова[2], Ә. Тәжібайұлы[3]**

[1,2]Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

[3]Қызылорда «Болашақ» университеті, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.;

[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0007-0800-374X

[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6272-9567

[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0139-8252

*e-mail: ayzhan_kamysbaeva@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ИНТЕРМОДАЛЬДЫ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР: ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТАЛДАУ

Бұл мақала Қазақстан жағдайында ауыл шаруашылығы өнімдерін интермодальды тасымалдаудың тұрақтылығын айқындайтын факторларды жүйелі талдайды. Жұмыста үшөлшемді тұжырымдамалық негіз ұсынылады (экономикалық, операциялық және сыртқы – геосаяси/экологиялық), ал бағалау индикаторлары уақтылық, зақымдану үлесі, жалпы құн (USD/m), бос қайту үлесі, кешігу жиілігі, көміртек ізі (CO_2, кг/m) және интегралды тәуекел деңгейі (1–5) ретінде бекітіледі. Географиялық ерекшелік (теңізге тікелей шығудың жоқтығы, ұзын маршруттар, климат), маршрут күрделілігі, модальдық комбинациялар, цифрлық шешімдер (Astana-1, CIM/SMGS, KTZ Express, IoT/AI/WMS), нормативтік-құқықтық орта (TIR, COTIF/OTIF, ЕАЭО) және операциялық «тар орындар» (вагон/контейнер тапшылығы, порт/паром өткізу қабілеті, шекаралық рәсімдер, кадр/автоматтандыру, контейнер айналымы) кешенді түрде қарастырылады. Кейстер (KTZ Express – Xi'an Dry Port; DHL Rail Connected; Astana Agro – Үндістан; «Транско» – Ауғанстан; KTZ Express – Түркия, LCL) салыстырмалы талданады; халықаралық бенчмарк (Германия, Қытай, Финляндия, Польша, Сингапур) негізінде саясат және менеджментке арналған KPI панелі мен жол картасы ұсынылады. Талдау интермодальды тұрақтылықтың инфрақұрылымнан бөлек құқықтық-институционалдық және цифрлық интероперабельдікке тәуелді екенін дәлелдейді. Дайындалған индикаторлар мен KPI панелі нақты мониторинг жүргізуге бейімделген. 2025–2027 жылдарға арналған жол картасы тұрақтылық профилін өлшенетін деңгейде жетілдіруге жағдай жасайды.

Кілтті сөздер: интермодальды тасымал; агрологистика; тұрақтылық; цифрлық құжат айналымы; CIM/SMGS; TIR; Орта дәліз; контейнер банкі.

Кіріспе

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің логистикасы «уақыт–температура–сақталу» триадасына сүйенеді. Бұзылғыштық пен маусымдық ауытқулар жеткізу тізбегін қатаң ритмге және жоғары сенімділікке итермелейді. Қазақстанның геоэкономикалық конфигурациясы – теңізге тікелей шығудың жоқтығы, құрлықаралық коридорлардың түйінінде орналасуы, 2–7 мың км. экспорттық иіндер және -40°C…+40°C климаттық амплитуда – интермодальды тасымалды құрылымдық түрде күрделендіреді [1,2]. Осы контексте «интермодальды тұрақтылық» ұғымы тек қуатқа (жол, вагон) емес, құқықтық-цифрлық интероперабельдікке, шекара мен порттағы операциялық тәртіпке және модальдық үйлесім сапасына тәуелді кешен ретінде ұғынылуы тиіс [3; 4; 5].

Бұл зерттеудің мақсаты – Қазақстан жағдайында агроөнім интермодаліне әсер ететін факторларды үшөлшемділік арқылы жүйелеу, индикаторлар картасын ұсыну және қолданбалы шешімдер мен саясаттық импликацияларды негіздеу.

Ұсынылатын гипотеза: тұрақтылық деңгейі «құқықтық-цифрлық интероперабельдік × хабтық басқару × контейнерлік айналым теңгерімі × шекара-порт автоматтандыруы» функциясымен анықталады [6].

1. Теориялық негіз және индикаторлар рамкасы

Интермодальды тұрақтылық – әртүрлі көлік түрлерін (т/ж, авто, теңіз/паром, авиа) логистикалық хабтар арқылы үйлестіру қабілеті, оның нәтижесі жеткізу уақыты, құны, сақталуы және экологиялық ізі бойынша өлшенеді. Ғылыми әдебиеттер интермодальды жүк логистикасындағы жоспарлау міндеттерін үш деңгейде жүйелейді: стратегиялық (терминалдардың орналасуы мен желі архитектурасы), тактикалық (қызмет жиілігі, ағымдарды үлестіру) және операциялық (маршруттау мен кестелеу). Осы деңгейлердің интеграциясы транзит уақытының вариативтілігін азайтып, қайта тиеу тәуекелін төмендетеді, нәтижесінде интермодальды тізбектің тұрақтылығы артады [7].

Ұсынылатын индикаторлар төмендегі кестеде келтірілген.

1-кесте – Тұрақтылық индикаторлары және өлшеу логикасы

Индикатор	Мазмұны	Дерек/өлшеу	Басқарушылық әсер
Уақтылық	Жоспардан ауытқу	Станциялық журнал, TMS/EMS	Хаб қуатын, графикті түзету
Сақталу	Бүлінген жүк үлесі	Тіркеу, қабылдау актілері	Орау/температуралық режим, тоңазыту тізбегі
Құн (USD/тг)	Толық шығын	Келісім, тариф картасы	Маршрут/модальдық қайта жоспарлау
Бос қайту	Бос контейнер үлесі	Хаб статистикасы	Кері жүктемені белсендіру
Кешігу жиілігі	Кідіріс жайттары	Оқиға реестрі	«Тар орындарды» жою
CO_2 (кг/т)	Экологиялық із	Эмисс.коэф./LCA	Жасыл модальдық үлесті арттыру
Тәуекел (1–5)	Интегралды баға	Сараптама/оқиға	Қамтамасыз ету, шекті сценарий

Материалдар мен әдістері

Дереккөздер және шектеулер: шолу интермодальды тұрақтылықтың концепциясы мен факторларын сипаттайтын ішкі материалдар мен операциялық бақылауларға сүйенеді; сандық мәндердің бөлігі агрегатталған түрде берілді.

Әдіснама: шолу және факторлық жүйелеу; индикаторлық карта құру; кейстерді бірыңғай критерий бойынша салыстыру; халықаралық тәжірибені шоғырландыру; саясат және менеджмент үшін KPI панелі мен 2025–2027 жж. жол картасын құрастыру.

Жеткізу тізбегінің нәтижелілігін өлшеу стратегия-тактика-операция деңгейлерінде жүргізілуі тиіс; көрсеткіштер құн, уақыт, сапа және икемділік блоктарына біріктіріледі. KPI мақсаттары басқарушылық әрекетпен тікелей байланыстырылғанда ғана тиімділікті арттырады – бұл тәсіл ұсынылған индикаторлар картасын (уақтылық, USD/тг, CO_2, бүліну, бос қайту) институционалды етеді, яғни ресмилендіріп, тұрақтандырады [8].

Нәтижелер және талқылау

География және маршрут күрделілігі

Қазақстанның әлемдік теңізге тікелей шығуы жоқ; Каспийдегі Ақтау-Құрық арқылы ғана пароммен байланыс орнайды. Экспорттық иіндердің ұзындығы 2 000–7 000 км аралығында, бұл уақыт пен құнға кері әсерін тигізеді; климаттың экстремалды өзгеру амплитудасы тоңазытқыштық тәртібі мен арнайы ортада сақтауды талап етеді. Шекаралық өткелдер саны шектеулі және жол табаны айырмашылығы бар бағыттарда вагондарды ауыстыру қажет. Маршруттағы әрбір модальдық ауысу – уақыт пен тәуекелді көбейтетін фактор, сондықтан «ауысуларды минимизациялау» және «хабтық консолидация» – тұрақтылықтың негізгі қағидасы екені белгілі [9, 10].

2-кесте – Қазақстан жағдайында географиялық факторлардың логистикаға әсері

Факторлар	Көрсеткіштер	Логистикалық әсері	Әсерді азайту
Теңізге тікелей шығу жоқ	Тек Каспий (Ақтау/Құрық)	Паромға тәуелділік, ауа райы факторы	Паром графигін тұрақтандыру, порт қуатын өсіру
Ұзын маршруттар	2–7 мың км	Уақыт/құн өсуі	Хабтық консолидацияны, тиімділікті қамтамасыз ету
Климат	-40…+40°C	Тоңазытқышты контейнерлер, арнайы орау, қаптау	Хладотізбектің үздіксіздігі, мониторинг жасау
Шекара өткелдері	Достық, Алтынкөл, т.б.	Кезекте тұру, рәсімдеу уақыты	Алдын ала декларация жасау, сканерлеу

Көлік түрлерінің үйлесімі: жылдамдық–құн–тәуекел комбинациясы. «Теміржол+авто» жүйесі ішкі тарату мен «соңғы миляны» жылдам әрі икемді етеді; «теміржол+теңіз+авто» жүйесі алыс нарықтарға қол жеткізеді, бірақ қайта тиеу көп; «теміржол+әуе» жүйесі бұзылатын және құнды өнімдер үшін уақытты минимумға түсіреді, алайда қымбат. Үйлесімнің сапасы хаб қуатына, контейнерлік айналымға және құжаттық рәсімдеудің бірізділігіне тәуелді.

3-кесте – Интермодальды комбинациялар және қолданылу аймақтары [14]

Комбинация	Қолдану аясы	Артықшылық	Шектеу/тәуекел
Т/ж + авто	Ішкі нарық, соңғы миля	Икемді/жедел	Жол жүктемесі, экология
Т/ж + теңіз + авто	Экспорт (Орта дәліз)	Нарық ауқымы	Көп ауысу, ауа райы
Т/ж + авиа	Бұзылатын/құнды жүк	Ең қысқа транзит	Тариф жоғары, көлем аз
Теңіз + т/ж	Транскаспий	Көлемді партия	Уақыт ұзағырақ

Цифрландыру: Astana-1, CIM/SMGS, KTZ Express, IoT/AI/WMS. «Astana-1» е-кеден арқылы декларацияны онлайн жүргізіп, шекарадағы құжаттық кідірістерді қысқартады [11]. CIM/SMGS екіжүйелі жүккұжаты бюрократияны (қағазбастылықты) азайтып, Еуропа–Азия дәліздерінде бірізділікті күшейтеді [12]. KTZ Express платформасы IoT трекерлерін (температура, соққы, орналастыру) және AI-негізді маршруттау/жүктемені қайта үлестіру алгоритмдерін қолданады; бұл транзит уақытын қысқартуға және «тар орындардағы» кезекті жоюға мүмкіндік береді [13].

Синхромодальды логистиканың табысты болуы нақты бір уақыт деректеріне қолжетімділікке, мүдделі тараптардың бір деңгейлі үйлестіруіне және технологиялық платформа арқылы «үйлестіруші» рөлін күшейтуге тәуелді. Ғылыми еңбектер алты технологиялық амалдарды бөліп көрсетеді: ICT/ITS, Track&Trace/IoT, предиктивті аналитика және оңтайландыру, шешім қабылдауды қолдау жүйелері, стандартталған интерфейстер және интеграциялық платформалар [14].

4-кесте – Негізгі цифрлық шешімдер және әсері

Шешім	Қолданылуы	Әсері	Басқарушылық нәтиже
Astana-1	Е-кеден	Рәсім уақыты азаяды	Кешігуді қысқарту
CIM/SMGS	Біріккен жүккұжат	Қағаз азаяды	Құжаттық қателер азаяды
KTZ Express	Трекинг, жоспарлау	Ашықтық, болжам	Ресурсты дәл бөлу
IoT/WMS/AI	Контейнер/қойма	Температура, соққы, LCA	Бүлінуді азайту, CO_2 төмендету

Нормативтік-құқықтық орта: интероперабельді режимдер

Интермодальды тасымал теміржол, автокөлік, кеден құқығы қиылысында реттеледі; арнайы «интермодальды тасымал туралы» заң жоқ. Халықаралық деңгейде TIR (кедендік транзит), COTIF/OTIF (теміржол тасымалдарының халықаралық құқығы) және CIM/SMGS (біріккен жүккұжат) құжаттық интероперабельділікті қамтамасыз етеді. ЕАЭО ұсынымдары терминологияны, тарифтік үйлесімділікті және «цифрлық көлік дәліздерін» дамыту бағытын айқындайды [9, 14].

5-кесте – Нормативтік-құқықтық режимдер және ықпалы [8: 9; 14; 15; 16]

Құжат/режим	Қамту аясы	Интермодальға әсері	Практикадағы нәтиже
TIR	Кедендік транзит	Пломба/бұзылмай өту	Шекара уақытын қысқарту
COTIF/OTIF	Халықаралық т/ж	Бірлескен кеңістік	Стандарт/ережелерді ұстау
CIM/SMGS	Біріккен жүккұжат	Құжатты біріздендіру	Қағазсыз логистикаға өту
ЕАЭО ұсынымдары	Аймақтық саясат	Терминология/тариф үйлесімі	Кросс-бордер цифрландыру

Агроэкспорттағы интермодальды модельдер. Өнім қасиеттері логистика шешімін айқындайды. Көлемді және аз бұзылатын өнімдер (дән, ұн, май) үшін «т/ж+теңіз» комбинациясы тиімді; бұзылатын және құнды өнімдер (ет, сүт, дайын тағам) үшін т/ж+әуе/тоңазытқыш контейнерлер» қажет; жоғары қосылған құнды тауарлар (бал, кептірілген жеміс) үшін LCL-консолидациясы (жинақталған жүк) ыңғайлы.

Бұзылатын азық-түлік тізбегінде сапа мен қауіпсіздіктің негізгі детерминанты – температуралық менеджмент: TTI-индикаторлар, деректер логгерлері және тәуекелге негізделген мониторинг тоңазыту тәртібінің сақталуын дәлелді түрде бақылауға мүмкіндік береді. Температуралық «зиян» жайттарын азайту халықаралық тәжірибеде бүліну үлесін және қайтарым шығындарын қысқартады [17].

6-кесте – Агроөнімдерге арналған интермодальды модельдер [13;18]

Модель түрі	Өнімдер	Негізгі бағыт	Артықшылық	Шектеу
Т/ж + теңіз	Дән, ұн, май, шрот	Ақтау–Баку–Қара теңіз/Түркия/Үндістан	Көлемдік экономика	Ауа райы/ паромға тәуелді
Т/ж + авто	Ұн, арпа, жем	Қостанай–ОА елдері	Икемділік, соңғы миля	Көп шекара, қауіпсіздік тәуекелі
Т/ж + авиа	Ет/сүт, дайын өнім	Алматы–аймақ/ОА	Уақыт минимумы	Қымбат, аз көлем
LCL (хаб)	Бал, кептірілген өнім	Шымкент–Стамбұл т.б.	Консолидация	Хаб өткізу шегі

Операциялық тұрақтылық: «тар орындар» картасы. Маусымдық науқанда жабық вагондарға сұраныс ұсыныстан артқандықтан жүк айналымы баяулайды; контейнерлер жиі Қытай бағытына жүктеліп, кері бағыт бос қайтады. Ақтау/Құрық порттарының өткізу қабілеті паром кестесіне және крандық жабдықтарға тәуелді; шекарада құжатты қолмен рәсімдеу, жол табаны айырмашылығы, мерекелік/карантиндік шектеулер кезектер тудырады.

Ауылдық/шекаралық хабтарда кадр мен автоматтандыру тапшылығы бар. Контейнер айналымы 18–22 күнге созылуы – агроөнім үшін тым ұзақтық етеді [19].

Интермодальды жүк ағындарының сенімділігі бұзылуларға сезімтал және оны өлшеудің негізгі метрикаларына орташа кешігу уақыты мен жойылған пойыздар саны жатады. Тұрақтылықты арттыру үшін буфер-уақыт, баламалы маршруттар және резервтік қуатты («hot-standby») жоспарлау ұсынылады [3].

7-кесте – Операциялық «тар орындар» және ықтимал шешімдер

«Тар орын»	Сипаттама	Ықтимал шешім	Күтілетін әсер
Вагон/контейнер тапшылығы	Маусымдық, тозған парк	Паркті жаңарту, флотты теңгеру	Экспорт шығыны ↓, ритм ↑
Порттан өткізу	Паром/кран/ автотерминал	Графикті тұрақтандыру, кран паркі	Кідіріс ↓, өткізу қабілеті ↑
Шекара рәсімдері	Қолмен жүктеу/көп тексеріс	Алдын ала декларациялау, сканерлеу	Өту уақыты ↓, вариатив ↓
Кадрлық тапшылық/ автоматтандыру	Қол еңбегі басым	WMS/IoT енгізу, оқыту	Сапа ↑, уақыт ↓
Контейнер айналымы	18–22 күн аралығында	Контейнерлер банкі, кері жүк	Бос қайту ↓, айналым циклы ↓

Кейстерді салыстырмалы талдау

8-кесте – Кейстер матрицасы (операциялық/техникалық/құжат/қауіпсіздік/экономика)

Кейс	Операциялық тұрақтылық	Техникалық үйлесім	Құжаттық режим	Сақталу/ қауіпсіздік	Экономика
KTZ Express – Xi'an Dry Port	Жоғары (контейнерлік пойыз)	Т/ж инфра-құрылым бар	CIM/ SMGS қолданысы	Жақсы, кері бос қайту бар	Орташа–жақсы
DHL Rail Connected	Өте жоғары (LCL, авто -маттандыру)	Көп ел стандарты	Қағазсыз -дыққа жақын	Жақсы	Жоғары тариф
Astana Agro – Үндістан	Орташа (5 модаль)	Паром+т/ж+ теңіз+авто	Күрделі	Тоңазыту тәртібі қажет	Шығын жоғары
«Транско» – Ауғанстан	Төмен (қауіпсіздік)	Т/ж+авто	Рәсімдеу күрделілігі	Қауіп/ тәуекел жоғары	Вариатив жоғары
KTZ Express – Түркия (LCL)	Жоғары (тұрақты сервис)	Т/ж+теңіз+ авто	Біріздендіру бар	Жақсы	Орташа

Халықаралық бенчмарк және локализация. Германия: «порт–т/ж» интеграциясының бірыңғай цифрлық платформасы ресурс бөлуді автоматтандырып, «stay time»-ды қысқартады.

Қытай: кері жүктемені институционалды теңгеру контейнер айналымын жылдамдатады.

Финляндия: электронды кезек және алдын ала декларациялау шекарадағы тоқтаусыз тексеруге мүмкіндік береді [20].

Польша: агрологистика орталықтары өнімді консолидациялап, экспортқа толық дайын күйге келтіреді.

Сингапур: Smart Logistics Hub – WMS/IoT/AI синергиясы арқылы уақыт пен адам ресурсын 40–50 % қысқартады.

Қазақстан үшін бұл тәжірибелер коридор/хаб/шекара спецификасына бейімдеу арқылы іске асыруға болады.

SWOT-қорытындылар

9-кесте Қазақстан жағдайында интермодальды агрологистиканың SWOT-профилі

Мықты жақтары: – Геостратегиялық көпір (Қытай–Еуропа); – агроэкспорт әлеуеті; – ҚТЖ/KTZ Express желілері; – аймақтық және халықаралық келісімдерге қатысу	Әлсіз жақтары: – Порт/қойма инфрақұрылымының шектеулілігі; – контейнер теңгерімсіздігі (бос қайту); – кадр/ИТ тапшылығы; – е-құжаттандырудың жеткіліксіздігі
Мүмкіндіктер: – WMS/IoT/AI енгізу; – өңірлік агрохабтар; – LCL және Rail-Air; – кері жүктемені ынталандыру; – жасыл логистика	Қауіптер: – Геосаяси/ауа райылық форс-мажор; – инфрақұрылым тозуы; – бәсекелес дәліздер; – стандарттардың алшақтығы

Саясат және менеджментке арналған жол картасы (2025–2027 ж.ж.)

Қойылатын мақсат: «кешігу жиілігі – бос қайту – USD/тг – CO_2» төрттігін бір мезгілде жақсарту.

Белгіленген бағыттар:

(1) Құжат айналымын толық цифрландыру (CIM/SMGS, TIR);

(2) Шекаралық қызметті автоматтандыруы;

(3) Порт–паром–терминал қуатын арттыру;

(4) Контейнер айналымын теңгеру;

(5) WMS/IoT/AI толық циклі.

Аталған мақсат сәтті орындалатын жағдайда 10-кестеде көрсетілгендей KPI панелі оң динамикалық өзгерістерге алып келеді.

10-кесте – KPI панелі (базалық жағдай → мақсат)

KPI	2026	2027	Ескерту
Кешігу жиілігі (рет/ай)	↓ 30%	↓ 50%	Шекара/порт
Бос қайту (%)	↓ 20%	↓ 35%	Контейнер банкі
Уақтылық (%)	↑ 10%	↑ 15%	Хабтық жоспарлау
USD/тг	↓ 8%	↓ 12%	Техникалық/құжаттық
CO_2 (кг/т)	↓ 10%	↓ 20%	Жасыл микс
Бұлiну (%)	↓ 30%	↓ 50%	Тіркеу/IoT

1-суретте 2026 және 2027 жылдарға болжанған KPI мақсаттарының динамикасы көрсетілген.



1 сурет – KPI мақсаттарының динамикасы: 2026, 2027 жылдарға

Интермодальды тасымалдардың тұрақтылығын интегралдық бағалау әдістемесі. Интермодальды тасымалдардың тұрақтылығын интегралдық бағалау әдістемесі ретінде көрсеткіштерді қалыпқа келтіру (нормализациялау) амалын қолдануға болады. Ол үшін әрбір көрсеткіш келесі өрнекпен өлшемсіз түрге келтіріледі:

$$N_i = \frac{X_i - X_i^{min}}{X_i^{max} - X_i^{min}},$$

мұнда:

X_i – көрсеткіштің нақты немесе мақсатты мәні,

X_i^{max}, X_i^{min} – эталондық шектер (бенчмарк бойынша).

«Неғұрлым аз болғаны жақсы» көрсеткіштер үшін (кешігулер, CO_2, USD/тг) қалыпқа келтіру өрнегі:

$$N_i = \frac{X_i^{max} - X_i}{X_i^{max} - X_i^{min}}.$$

Интермодальды тасымалдың тұрақтылығын сипаттайтын интегралдық индекс ұсынылады:

$$\Delta S = \sum_{i=1}^{n} w_i \cdot \Delta N_i,$$

мұнда: ΔS – тұрақтылықтың интегралдық индексінің өзгеруі;
ΔN_i – қалыпқа келтірілген KPI-дің салыстырмалы жақсаруы;
w_i – көрсеткіштің салмақ коэффициенті, $\sum w_i = 1$.

Ұсынылатын салмақтар үлесінің жүйесі 11-кестеде көрсетілген.

11-кесте

Көрсеткіштер тобы	Көрсеткіштер	Салмақ үлесі
Уақыттық	уақтылылық, кешігу жиілігі	0,30
Экономикалық	USD/тг, бос қайту	0,25
Сапалық	зақымданулар, тоңазыту тізбегін сақтау	0,20
Экологиялық	CO_2	0,15
Тәуекел	интегралдық тәуекел (1–5)	0,10

Салмақтар үлесінің жүйесін ұсынуда агрологистика уақыт факторына және жүктің сақталуына аса сезімтал, одан кейін құн және экологиялық факторларының маңыздылығы ескерілген.

Тұрақтылық индексін интерпретациялау үшін келесі деңгейлерге бөлеміз (кесте 12):

12-кесте

S мәні	Тұрақтылық деңгейі
$S \geq 0,80$	жоғары
$0,60 \leq S < 0,80$	орташа
$0,40 \leq S < 0,60$	төмен
$S < 0,40$	критикалық

Осылайша, уақтылылық, құн, экологиялық тиімділік және жүктің сақталуы көрсеткіштерінің кешенді жақсаруы интермодальды тасымалдардың тұрақтылығының интегралдық индексінің аддитивті өсуіне алып келеді. 10-кестеде ұсынылған KPI мақсатты бағдарларына қол жеткізілген жағдайда тұрақтылық индексі орта есеппен 0,18÷0,25 тармаққа өсіп, орташа-төмен деңгейден тұрақты деңгейге өтуді қамтамасыз етеді.

Қорытынды

Интермодальды агрологистикадағы тұрақтылық – инфрақұрылым қуатының ғана емес, құқықтық-цифрлық интероперабельдік пен операциялық тәртіптің синергиясы. Қазақстан үшін құжат айналымын цифрландыру, шекаралық рәсімдерді автоматтандыру, порттық-хабтық инфрақұрылымды дамыту және контейнер паркін теңгерімдеу шаралары кешенін («е-құжат–шекара автоматтандыруы–порттық қуат–контейнер айналымы–WMS/IoT/AI» пакетін) ойдағыдай іске асыру уақтылықты арттырып, құн мен CO_2-ті төмендетеді, ал сапа мен қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсартады.

KPI болжамды мәндері (кешігулердің 30÷50 %-ға, бос қайтудың 20÷35 %-ға, CO_2 көлемінің 10÷20 %-ға төмендеуі) 2026–2027 жылдарға арналған жол картасы іске асырылған жағдайда тұрақтылықтың интегралдық индексінің 0,55÷0,60

(орташа-төмен деңгей) диапазонынан 0,75÷0,82 (тұрақты деңгей) диапазонына өтуіне сәйкес келеді.

Яғни, ұсынылған индикаторлар мен KPI панелі практикалық мониторингтеуге дайын, ал жол картасының жобасына сәйкес 2026–2027 жылдары интермодальды тасымалдардың тұрақтылық индексінің базалық сценариймен салыстырғанда 20÷30 %-ға өсуіне сәйкес келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының «Теміржол көлігі туралы» Заңы [Электронды ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz (қолжетімділік күні: 02.02.2026).

2 Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігі туралы» Заңы [Электронды ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz (қолжетімділік күні: 02.02.2026).

3 **Kramarz M., Przybylska E., Wolny M.** Reliability of the intermodal transport network under disrupted conditions in the rail freight transport // Research in Transportation Business & Management. – 2022. – Vol. 44. – Art. 100686. – https://doi.org/10.1016/j.rtbm.2021.100686

4 Интермодальды комбинациялар (т/ж+теңіз+авто; т/ж+авто; т/ж+авиа «Rail–Air»): анықтамалық-әдістемелік материал [Электронды ресурс]. – Салалық түсіндірме материалдары.

5 Қазақстан Республикасының «Көлік туралы» Заңы (1994) [Электронды ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz (қолжетімділік күні: 02.02.2026).

6 Қазақстан Республикасының Кеден кодексі (ЕАЭО негізінде) [Электронды ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz (қолжетімділік күні: 02.02.2026).

7 **Caris A., Macharis C., Janssens G. K.** Planning Problems in Intermodal Freight Transport: Accomplishments and Prospects // Transportation Planning and Technology. – 2008. – Vol. 31. – № 3. – P. 277–302. – https://doi.org/10.1080/03081060802086397

8 **Gunasekaran A., Patel C., Tirtiroglu E.** Performance measures and metrics in a supply chain environment // International Journal of Operations & Production Management. – 2001. – Vol. 21. – № 1–2. – P. 71–87. – https://doi.org/10.1108/01443570110358468

9 ЕАЭО «Цифрлық көлік дәліздері»: тұжырымдамалық құжаттар мен материалдар [Электронды ресурс]. – Еуразиялық экономикалық комиссия. – URL: https://eec.eaeunion.org (қолжетімділік күні: 02.02.2026).

10 ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті. «Астана-1» ақпараттық жүйесі (электронды кеден): ресми бет және анықтамалық материалдар [Электронды ресурс]. – URL: https://kgd.gov.kz (қолжетімділік күні: 02.02.2026).

11 CIM/SMGS Consignment Note Manual (GLV-CIM/SMGS) [Электрон. ресурс]. – Халықаралық теміржол көлігі комитеті (CIT). – URL: https://www.cit-rail.org (қолжетімділік күні: 02.02.2026).

12 KTZ Express. Мультимодальды/интермодальды сервистер, онлайн-трекинг, IoT/WMS/AI туралы мәлімет [Электронды ресурс]. – Ресми сайт. – URL: https://www.ktzexpress.kz (қолжетімділік күні: 02.02.2026).

13 **Manerba D., Giusti R., Bruno G.** Synchromodal logistics: Critical success factors and enabling technologies // Transportation Research Part E: Logistics and Transportation Review. – 2019. – Vol. 129. – P. 92–110. – https://doi.org/10.1016/j.tre.2019.07.009

14 Customs Convention on the International Transport of Goods under Cover of TIR Carnets (TIR Convention, 1975) [Электронды ресурс]. – UNECE ресми порталы. – URL: https://unece.org (қолжетімділік күні: 02.02.2026).

15 COTIF 1999 – Convention concerning International Carriage by Rail [Электрон. ресурс]. – OTIF ресми сайты. – URL: https://otif.org (қолжетімділік күні: 02.02.2026).

16 **Aung M. M., Chang Y. S.** Temperature management for the quality assurance of a perishable food supply chain// Food Control. – 2014. – Vol. 40. – P. 198–207. – https://doi.org/10.1016/j.foodcont.2013.11.016

17 KTZ Express. Ақтау–Баку бағыты бойынша жүктің қайта үлестірілуі және транзит уақытының қысқаруы туралы хабарлама [Электронды ресурс]. – Ресми сайт / жаңалықтар бөлімі. – URL: https://www.ktzexpress.kz (Қолжетімділік күні: 02.02.2026).

18 Операциялық тұрақтылық факторлары (контейнер айналымы, «контейнер банкі» тұжырымдамасы): ұсыныстар блогы [Ішкі жұмыс материалы].

19 Екіжақты келісімдер (ҚХР, Түркия, Әзербайжан–Грузия) бойынша ТМТМ/Орта дәліздің құжат/тариф үйлесімі жөніндегі ресми баспасөз хабарламалары [Электронды ресурс]. – Үкіметтік және салалық уәкілетті органдар сайттары. – (қолжетімділік күні: 02.02.2026).

REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasy. Temirzhol koligi turaly Zany [Law of the Republic of Kazakhstan «On Railway Transport»] [Electronic resource]. – https://adilet.zan.kz (accessed 02.02.2026).

2 Qazaqstan Respublikasy. Avtomobil koligi turaly Zany [Law of the Republic of Kazakhstan «On Automobile Transport»] [Electronic resource]. – Adilet legal information system. – https://adilet.zan.kz (accessed 02.02.2026).

3 **Kramarz, M., Przybylska, E., Wolny, M.** Reliability of the intermodal transport network under disrupted conditions in the rail freight transport. Research in Transportation Business & Management, 2022, Vol. 44. – Art. 100686. – https://doi.org/10.1016/j.rtbm.2021.100686

4 Intermodaldy kombinaciyalar (t/zh + teniz + avto; t/zh + avto; t/zh + avia «Rail–Air»): anyqtamalyq-adistemelik material [Intermodal combinations (railway + sea + road; railway + road; railway + air «Rail–Air»): reference and methodological material] [Electronic resource]. Industry explanatory materials.

5 Qazaqstan Respublikasy. Kolik turaly Zany (1994) [Law of the Republic of Kazakhstan «On Transport»] Adilet legal information system. – [Electronic resource]. https://adilet.zan.kz (accessed 02.02.2026).

6 Qazaqstan Respublikasy. Keden kodeksi (EAEO negizinde) [Customs Code of the Republic of Kazakhstan (based on the EAEU)] Adilet legal information system. [Electronic resource]. – https://adilet.zan.kz (accessed 02.02.2026).

7 C**aris, A., Macharis, C., Janssens, G. K.** Planning problems in intermodal freight transport: accomplishments and prospects. Transportation Planning and Technology, 2008, Vol. 31(3). – P. 277–302. – https://doi.org/10.1080/03081060802086397

8 **Gunasekaran, A., Patel, C., Tirtiroglu, E.** Performance measures and metrics in a supply chain environment. International Journal of Operations & Production Management, 2001, Vol. 21(1–2). – P. 71–87. – https://doi.org/10.1108/01443570110358468

9 EAEO. Cifrlyq kolik dalizderi: tuzhyrymdamalyq quzhattar men materialdar [Digital transport corridors: conceptual documents and materials] Eurasian Economic Commission. [Electronic resource]. – https://eec.eaeunion.org (accessed 02.02.2026).

10 Memlekettik kirister komiteti QR QM. Astana-1 aqparattyq zhuyesi (elektrondy keden): resmi bet zhane anyqtamalyq materialdar [«Astana-1» information system (electronic customs): official page and reference materials] [Electronic resource]. – https://kgd.gov.kz (accessed 02.02.2026).

11 International Rail Transport Committee (CIT). CIM/SMGS Consignment Note Manual (GLV-CIM/SMGS) [Electronic resource]. – https://www.cit-rail.org (accessed 02.02.2026).

12 KTZ Express. Multimodaldy/intermodaldy servister, onlain-treking, IoT/WMS/AI turaly malimet [Multimodal/intermodal services, online tracking, IoT/WMS/AI information] Official website. – [Electronic resource]. – https://www.ktzexpress.kz (accessed 02.02.2026).

13 **Manerba, D., Giusti, R., Bruno, G.** Synchromodal logistics: critical success factors and enabling technologies. Transportation Research Part E: Logistics and Transportation Review, 2019. – Vol. 129. – P. 92–110. – https://doi.org/10.1016/j.tre.2019.07.009

14 Customs Convention on the International Transport of Goods under Cover of TIR Carnets (TIR Convention, 1975) [Electronic resource]. – https://unece.org (accessed 02.02.2026).

15 OTIF. Convention concerning International Carriage by Rail (COTIF 1999) [Electronic resource]. – https://otif.org (accessed 02.02.2026).

16 **Aung M. M., Chang Y. S.** Temperature management for the quality assurance of a perishable food supply chain. Food Control, 2014. – Vol. 40. – P. 198–207. – https://doi.org/10.1016/j.foodcont.2013.11.016

17 KTZ Express. Aqtau–Baku bagyty boiinsha zhuktin qaita uilestirilui zhane tranzit uaqytynyn qysqaruy turaly habarlama [Notice on cargo redistribution and reduction of transit time on the Aktau–Baku route] Official website / news section. [Electronic resource]. – https://www.ktzexpress.kz (accessed 02.02.2026).

18 Operaciyalyk tyraktylyk faktorlary (kontejner ajnalymy, «kontejner banki» tyzhyrymdamasy): ysynystar blogy [Ishki zhymys materialy]. Operaciyalyq turaqtylyq faktorlary (konteiner ainalymy, «konteiner banki» tuzhyrymdamasy): usynystar blogy

[Operational resilience factors (container turnover, «container bank» concept): proposal block] [Internal working material].

19 Ekizhaqty kelisimder (QHR, Turkiya, Azerbaizhan–Gruziya) boiinsha TMTM/Orta dalizdin quzhat/tarif uilesimi zhonindegi resmi baspasoz habarlamalary [Official press releases on document and tariff harmonization of the TITR/Middle Corridor under bilateral agreements (PRC, Türkiye, Azerbaijan–Georgia)] [Electronic resource]. Governmental and sectoral authorized bodies' websites. Accessed 02.02.2026.

05.01.26 ж. баспаға түсті.
03.02.26 ж. түзетулерімен түсті.
13.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

А. Т. Камысбаева[1], С. Е. Бекжанова[2], Ә. Тәжібайұлы[3]
[1,2]Казахский национальный исследовательский технический университет имени К. И. Сатпаева, Республика Казахстан, г. Алматы;
[3]Кызылординский университет «Болашақ», Республика Казахстан, Кызылорда қ.
Поступило в редакцию 05.11.26.
Поступило с исправлениями 03.12.26.
Принято в печать 13.02.26.

ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА УСТОЙЧИВОСТЬ ИНТЕРМОДАЛЬНЫХ ПЕРЕВОЗОК СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ПРОДУКЦИИ: АНАЛИЗ НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА

В данной статье системно анализируются факторы, определяющие устойчивость интермодальных перевозок сельскохозяйственной продукции в условиях Казахстана. В исследовательской работе предлагается трёхмерная концептуальная основа (экономическая, операционная и внешняя – геополитическая/экологическая), а в качестве индикаторов оценки закреплены: своевременность, доля повреждений, совокупная стоимость (USD/m), показатель порожнего возврата, частота задержек, углеродный след (CO_2, кг/m) и интегральный уровень риска (по шкале 1–5).

Комплексно рассматриваются географические особенности (отсутствие прямого выхода к морю, протяжённость маршрутов, климатические условия), сложность маршрутов, модальные комбинации, цифровые решения (Astana-1, CIM/SMGS, KTZ Express, IoT/AI/WMS), нормативно-правовая среда (TIR, COTIF/OTIF, ЕАЭС) и операционные «узкие места» (дефицит вагонов и контейнеров, пропускная способность портов и паромов, пограничные процедуры, кадровые вопросы и автоматизация, оборот контейнеров).

В статье проведён сравнительный анализ кейсов (KTZ Express – Xi'an Dry Port; DHL Rail Connected; Astana Agro – Индия; «Транско» – Афганистан; KTZ Express – Турция, LCL). На основе международного бенчмарка (Германия, Китай, Финляндия, Польша, Сингапур) предложена дорожная карта и KPI панель для политики и менеджмента. Анализ показывает, что устойчивость интермодальных перевозок зависит не только от инфраструктуры, но и от правово-институциональной базы и цифровой интероперабельности. Разработанные индикаторы и панель KPI адаптированы для практического мониторинга. Дорожная карта на 2025–2027 годы создаёт условия для измеримого укрепления профиля устойчивости.

Ключевые слова: интермодальные перевозки; агрологистика; устойчивость; электронный документооборот; CIM/SMGS; TIR; Средний коридор; контейнерный банк.

A. T. Kamysbayeva[1], S. E. Bekzhanova[2], A. Tazhibayuly[3]
[1,2]Kazakh National Research Technical University named after K. I. Satpayev, Republic of Kazakhstan, Almaty;
[3]Bolashak University, Republic of Kazakhstan, Kyzylorda
Received 05.01.26.
Received in revised form 03.02.26.
Accepted for publication 13.02.26.

FACTORS AFFECTING THE SUSTAINABILITY OF INTERMODAL TRANSPORTATION OF AGRICULTURAL PRODUCTS: AN ANALYSIS OF THE CASE OF KAZAKHSTAN

